



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Органикалық өнім

ӨНДІРУ, ҚАЙТА ӨНДЕУ,
ТАҢБАЛАУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ПРОЦЕСІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Продукция органическая

ТРЕБОВАНИЯ К ПРОЦЕССУ ПРОИЗВОДСТВА, ПЕРЕРАБОТКЕ,
МАРКИРОВКЕ И РЕАЛИЗАЦИИ

ҚР СТ 3111-2023

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)



Астана



БИН: 200340007217. Заказ №F-327204072024 от 04.07.2024. Пользователь: ТОО "QAZAQ BIO CONTROL"
СТ РК 3111-2023 выдан РГП на ПХВ «Казахстанский институт стандартизации и метрологии». Безвозмездное использование только для резидентов Республики Казахстан



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Органикалық өнім

**ӨНДІРУ, ҚАЙТА ӨНДЕУ,
ТАҢБАЛАУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ПРОЦЕСІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

ҚР СТ 3111-2023

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Астана



1 «Қазақстанның органикалық өнім өндірушілер одағы» қауымдастық нысандағы ДҚЖЗТБ ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ

2 Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының 2023 жылғы 28 қарашадағы № 468-НҚ бұйрығымен БЕКІТІЛІП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ

3 Осы стандарт органикалық өндіріс және қайта өңдеу жүйесіне арналған IFOAM нормативтік талаптарын және Органикалық тамақ өнімдерін өндіру, өңдеу, таңбалау және өткізу бойынша Алиментариус кодексі (GL 32-1999, rev. 2013) Комиссияның басшылық ережелерін ескере отырып әзірленді

4 Осы стандартта "Органикалық өнім өндіру туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 27 қарашадағы № 423-V ҚРЗ Заңының және "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 396-VI ҚРЗ Заңының нормалары іске асырылды.

5 ҚР СТ 3111-2017 Органикалық өнім. Өндіру процесіне қойылатын талаптар және ҚР СТ 3109-2017 Органикалық өнім. Органикалық өнімнің ұлттық сәйкестік белгісі. Органикалық өнімді таңбалаудың техникалық талаптары мен тәртібі ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа енгізілетін өзгерістер туралы ақпарат «Стандарттау жөніндегі құжаттар» жыл сайын басылып шығарылатын ақпараттық каталогында, ал өзгерістер мен толықтырулар мәтіні «Ұлттық стандарттар» мерзімді басып шығарылатын ақпараттық сілтемесінде жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (ауыстырылған) немесе күші жойылған жағдайда, тиісті хабарлама «Ұлттық стандарттар» мерзімді басып шығарылатын ақпараттық сілтемесінде жарияланады

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды



Мазмұны

1 Қолданылу саласы	1
2 Нормативтік сілтемелер	1
3 Терминдер мен анықтамалар	1
4 Жалпы ережелер	1
5 Өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығына қойылатын жалпы талаптар	3
6 Өсімдік шаруашылығы	4
7 Мал шаруашылығы	9
8 Су дақылы (аквадакыл)	17
9 Өңдеу және қайта өңдеу	20
10 Таңбалау	23
А қосымшасы (міндетті) Органикалық өндірісте рұқсат етілген тыңайтқыштар мен топырақты жақсартатын заттар	25
В қосымшасы (міндетті) Органикалық өндірісте рұқсат етілген өсімдіктерді қорғау құралдары	28
В қосымшасы (міндетті) Органикалық мал шаруашылығында пайдалануға рұқсат етілген жемшөп шикізаты	31
Г қосымшасы (міндетті) Азықтық қоспалар және жануарларды азықтандыруда қолданылатын кейбір заттар	34
Д қосымшасы (міндетті) Органикалық өндірісте рұқсат етілген тазалауға және зарарсыздандыруға арналған заттар	36
Е қосымшасы (міндетті) Органикалық өнім өндірісінде пайдалануға арналған тағамдық қоспалар мен технологиялық қосалқы құралдар	38
Ж қосымшасы (міндетті) Техникалық талаптар және органикалық өнімнің ұлттық сәйкестік белгісімен таңбалау тәртібі	42





ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Органикалық өнім

ӨНДІРУ, ҚАЙТА ӨНДЕУ,
ТАҢБАЛАУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ПРОЦЕСІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Енгізілген күні 2024-07-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт органикалық өнімді өндіру, қайта өңдеу, таңбалау, тасымалдау, сақтау және өткізу процесіне қойылатын талаптарды белгілейді.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін мынадай сілтемелік құжаттар қажет:

ҚР СТ 3455-2023 Органикалық өнім өндірісі. Терминдер мен анықтамалар.

ҚР СТ 3110-2023 Сәйкестікті бағалау. Органикалық өнім өндірісінің сәйкестігін растау жөніндегі органдарға қойылатын талаптар.

ГОСТ 26.020 - 80 Өлшеу және автоматтандыру құралдарына арналған қаріптер.

Ескертпе - Осы стандартты пайдалану кезінде сілтемелік стандарттар мен жіктеуіштердің қолданысын ағымдағы жылғы жай-күйі бойынша жыл сайын басып шығарылатын «Стандарттау жөніндегі құжаттар» ақпараттық каталогы бойынша және ағымдағы жылы жарияланған ай сайын басып шығарылатын тиісті ақпараттық каталогы бойынша тексерген дұрыс. Егер сілтеме құжаты ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы стандартты пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) стандартты басшылыққа алған жөн. Егер сілтемелік құжат ауыстырылмай жойылса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта [1], [2] және ҚР СТ 3455 бойынша терминдер қолданылады.

4 Жалпы ережелер

4.1 Экожүйені басқарудың жалпы ережелері

4.1.1 Экожүйені басқару кезінде органикалық өндірісті жүзеге асыратын шаруашылықтарда жабайы жануарлардың табиғи мекендеу ортасын қолдау немесе ол жоқ жерде жабайы жануарлардың табиғи мекендеу ортасын құру арқылы табиғи ландшафтты сақтау және жақсарту, биологиялық әртүрліліктің сапасын арттыру бойынша шараларды әзірлеу және енгізу қажет. Мұндай тіршілік ету ортасы мыналарды қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді:

а) батпақты жерлер, қуаң жерлер немесе құрғақ аңғарлар сияқты кең жайылымдар;

б) жалпы алғанда, жерді айналдыруға қатыспайтын және іс жүзінде органикалық тыңайтқыштарды қолданбаған барлық аудандар: кең жайылымдар, шабындықтар, кең шабындық алқаптар мен бақтар, табиғи өскен қоршаулар, жасыл табиғи тосқауылдар, ауылшаруашылық жерлерін орман алқаптарынан, ағаштар және/немесе бұталар топтарынан, сондай-ақ ормандар мен жатаған бұталардан бөлетін шекаралар;

Ресми басылым

ҚР СТ 3111-2023

в) экологиялықтұрғыдан әртүрлі тыңайған немесе егістік жерлер, егістік шекаралары бойындағы экологиялық әртүрлі аймақтар;

г) қарқынды ауыл шаруашылығы мен су дақылдарын өндіру үшін пайдаланылмайтын су артериялары, бассейндер, бұлақтар, арықтар, жайылмалар, сулы-батпақты жерлер, батпақтар және басқа да су ресурстарына бай аумақтар;

д) табиғи мекендеу ортасымен байланысты қамтамасыз ететін қорық аймақтары.

4.2 Топырақ пен суды сақтау

4.2.1 Негізгі қағидат

Органикалық ауыл шаруашылығы топырақтың сапасын сақтайды және жақсартады, тиімді және жауапты пайдалану арқылы судың сапасын сақтайды.

4.2.2 Талаптар

4.2.2.1 Органикалық өнімдерді өндірушілер эрозияны болдырмау және топырақтың жоғарғы қабатының жоғалуын азайту үшін белгілі бір шараларды қабылдауға тиіс. Мұндай әдістер мыналарды қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді: топырақты өңдеу әдістерін минимумға келтіру, контурлы жер жырту, дақылдарды таңдау, топырақтың өсімдік жамылғысын сақтау және топырақ сапасын сақтайтын басқа да агротехникалық шаралар арқылы.

4.2.2.2 Өсімдіктерді немесе өсімдік қалдықтарын жағу арқылы жер қабатын дайындауға тыйым салынады. Өртеу аурудың таралуын тежеу, тұқымның өну процестерін белсендіру, өңделмеген қалдықтарды кетіру немесе басқа да осындай ерекше жағдайларда қолданылған жағдайларда ерекшелік жасалуы мүмкін.

4.2.2.3 Органикалық өнімдерді өндірушілер топыраққа органикалық және қоректік заттарды енгізу және қалпына келтіру арқылы жинау кезінде топырақтан алынған қоректік заттарды, органикалық заттарды және басқа ресурстарды қолдауға тиіс.

4.2.2.4 Ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы мен жайылымының тығыздығы [6] сәйкес келуге, жер қабаты сапасын нашарлатпауға және су ресурстарын ластамауға тиіс. Аталған ереже көнді және оған ұқсас элементтерді қолданатын өндірістерге де қатысты.

4.2.2.5 Операторлар осындай қауіп туындаған жерде топырақ пен судың тұздануын болдырмауға және/немесе жоюға тиіс.

4.2.2.6 Органикалық өнім өндірушілерге су ресурстарын сарқуға және шамадан тыс пайдалануға тыйым салынады, олар судың сапасын сақтауға ұмтылуға тиіс. Олар мүмкіндігінше басқа су көздерін (шалшық су және т.б.) пайдаланып, су жинауды бақылауға тиіс.

4.3 Жарамсыз технологиялар

4.3.1 Негізгі қағидат

Органикалық ауыл шаруашылығының негізі экологиялық сақтық қағидаты болып табылады, оған сәйкес технологияларды қолдануда айтарлықтай тәуекелден аулақ болу керек және оларды қолдану күтпеген салдарға әкелуі мүмкін.

4.3.2 Талаптар

4.3.2.1 Ветеринариялық препараттарды қоспағанда, жануарларға, тұқымдарға, отырғызу материалы мен Жемге, сондай-ақ тыңайтқыштар, топырақты жақсартқыштар және өсімдіктерді қорғау құралдары сияқты ауыл шаруашылығы ресурстарына қатысы бойынша генетикалық түрлендірілген организмдерді (бұдан әрі – ГТО) немесе олардың туындыларын қасақана пайдалануға немесе абайсызда енгізуге тыйым салынады.

4.3.2.2 Органикалық өнім өндірушісіне ГТО-дан және ГТО арқылы алынған ингредиенттерді, қоспаларды және технологиялық қоспаларды пайдалануға тыйым салынады.

4.3.2.3 Қоспалардың, технологиялық қоспалардың және ингредиенттердің табиғаты олардың ГТО туындысы емес екеніне көз жеткізу үшін олардың биологиялық тізбегі барысында тура олар алынатын көзге дейін мұқият қадағалануға тиіс.

4.3.2.4 Органикалық өнімдерді өндірушілер ГТО-ны өндірістік қызметте пайдалануға жол бермейді.

4.3.2.5 Органикалық өндіріс жүйесінде наноматериалдарды, оның ішінде қаптаманы және өніммен жанасатын беттерді пайдалануға тыйым салынады. Органикалық өндірісте қолдануға рұқсат етілген бірде-бір зат наноматериалдардан жасалмауға тиіс.

5 Өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығына қойылатын жалпы талаптар

5.1 Бөлек өндіріс

5.1.1 Негізгі қағидат

Барлық өндіріс, сондай-ақ жануарлар өтпелі кезең ішінде осы стандартқа сәйкес органикалық басқаруға ауыстырылады (6.2, 7.2, 8.1 қараңыз).

5.1.2 Талаптар

5.1.2.1 Егер органикалық өнім өндірісі толығымен органикалық өндіріс жүйесіне (бөлек өндіріс) ауыстырылмаса, онда органикалық және дәстүрлі өндірістің өндірістік бөлімшелері нақты бөлініп, қиылыспауға тиіс. Бөлек өндірісте дәстүрлі әдіспен өндірілген өнімдер органикалық өнімдермен араласпауға тиіс. Өндірістік бөлімшелер физикалық, қаржылық және өндірістік тұрғыдан бөлінуге тиіс.

5.1.2.2. Органикалық өнімді бөлек өндіру арқылы өндіру кезінде органикалық және дәстүрлі жүйелерде өсімдіктердің бір түрін және жануарлар тұқымын өсіруге тыйым салынады.

5.1.2.3 Тыйым салынған материалдар органикалық өнімдер өсірілетін және/немесе өңделетін өндірістік бөлімшелерде сақталмауға тиіс.

5.2 Органикалық басқару жүйесін қолдау

5.2.1 Негізгі қағидат

Органикалық өндіріс жүйесі осы стандарттың талаптарына үнемі сәйкес келуді талап етеді.

5.2.2 Талаптар

Өндіріс жүйесі органикалық өндіріс жүйесінен дәстүрлі және кері жүйеге тұрақты ауысуға негізделмеуге тиіс.

6 Өсімдік шаруашылығы

6.1 Дақылдардың түрлері мен сұрыптарын таңдау және тұқымдар мен отырғызу материалдарын көбейту тәсілдері

6.1.1 Негізгі қағидат

Органикалық өсімдік шаруашылығында өсірілетін түрлер мен сұрыптар жергілікті топырақ-климаттық жағдайларға бейімделу қабілетіне және зиянкестер мен ауруларға төзімділігіне қарай таңдалады. Тұқымдар мен отырғызу материалы органикалық болуға тиіс.

Дақылдардың түрлері мен сұрыптарын таңдау кезінде [3] сәйкес өсімдіктердің генетикалық әртүрлілігін қорғауды қамтамасыз ету қажет.

6.1.2 Ұсынымдар

Органикалық өнім өндірушілерге органикалық өсімдік шаруашылығында өсірілген дақылдардың сұрыптары артықшылық беруі керек (6.8 қараңыз).

ҚР СТ 3111-2023

6.1.3 Талаптар

6.1.3.1 Органикалық өнім өндірушілер органикалық тұқымдар мен отырғызу материалдарын жеткілікті мөлшерде және тиісті сапада пайдалануға тиіс. Егер органикалық түрде алынған тұқымдар мен отырғызу материалдары түрлер мен сұрыптардың қажетті әртүрлілігін қамтамасыз ету үшін жеткілікті мөлшерде және тиісті сапада болмаса, өтпелі кезеңдегі және дәстүрлі түрде алынған тұқымдар мен отырғызу материалдарын пайдалануға болады.

6.1.3.2 Өтпелі кезеңдегі тұқымдар мен отырғызу материалдарын пайдалану мақсатында, сондай-ақ дәстүрлі тәсілмен алынған, аналық өсімдік, егер тұқым туралы немесе аталық-аналық өсімдік туралы айтылатын болса, егер вегетативті көбеюге арналған шикізат туралы айтылатын болса, кем дегенде бір ұрпақ ішінде немесе көпжылдық дақылдарға қатысты екі өсу кезеңінде осы стандарттың талаптарына сәйкес тиісті түрде өсірілуге тиіс.

6.1.3.3 Көбею процесінің негізінде генеративті көбею (тұқым) немесе өсімдіктердің, мысалы мынадай вегетативті органдарымен вегетативті көбею процесі жатады:

- а) түйнектер, қабыршақтар, жапырақ қуыстары;
- б) бадана, кесінді бұтақтар, тікенек;
- в) өсімдіктердің жапырақтары, түйнектері, өсінділері;
- г) тамырсабақтар.

6.1.3.4 Органикалық өсімдік шаруашылығында қолданылатын егіс материалын ұлғайтудың барлық әдістері осы стандарттың талаптарына сәйкес келуге тиіс.

6.1.3.5 Вегетативті көбею үшін қолданылатын құралдар мен субстраттар А қосымшасында көрсетілген заттардан тұруға тиіс.

6.2 Өсімдік шаруашылығындағы өтпелі кезең

6.2.1 Негізгі қағидат

Өтпелі кезең органикалық егіншілік жүйесін іс жүзінде қолдануға және сау және құнарлы топырақ дайындауға мүмкіндік береді.

6.2.2 Талаптар

6.2.2.1 Өтпелі кезеңде жүргізілетін барлық операциялар осы стандарттың талаптарына сай болуға тиіс.

6.2.2.2 Өтпелі кезеңнің басталуы ретінде органикалық өнім өндіруші мен органикалық өнім өндірісін сертификаттау рәсімін жүргізуге сәйкестікті растау жөніндегі орган арасында шарт жасасу күнін санау керек.

6.2.2.3 Өтпелі кезең кем дегенде былай басталуға тиіс:

- а) себуге немесе отырғызуға дейін 2 жыл бұрын (біржылдық өсімдіктер үшін);
- б) жайылымдық жерлерде немесе шабындықтарда мал жаюға немесе егін жинауға дейін 2 жыл бұрын;
- в) егін жинауға дейін 36 ай бұрын (көпжылдық өсімдіктер үшін).

6.2.2.4 Дақылда немесе топырақта тыйым салынған заттарды пайдаланғаннан кейін 6.2.2.3-те көрсетілгеннен аз кезең ішінде жиналған дақылдар "органикалық өнім" ретінде пайдаланылмауға немесе өткізілмеуге тиіс.

6.2.2.5 Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өтпелі кезең басталғаннан бері кемінде 1 жыл өткен жағдайда ғана өтпелі органикалық өнім ретінде пайдалануға болады.

6.2.2.6 Тыңайған жерлер (үш жылдан астам) органикалық өнім өндірісінің сәйкестігін растау жөніндегі органға өтініш беруші тиісті өтінішпен жүгінгені негізінде өтпелі кезеңсіз органикалық өсімдік шаруашылығы айналымына енгізілуі мүмкін.

Өтпелі кезеңді алып тастау туралы шешімді өтініш берушінің өтініші және тәуекелдерді бағалау негізінде органикалық өнім өндірісінің сәйкестігін растау жөніндегі орган қабылдайды.

6.3 Өсімдік шаруашылығындағы түрлер мен сұрыптардың әртүрлілігі

6.3.1 Негізгі қағидат

Топырақтың биологиялық белсенділігін сақтау органикалық егіншіліктің негізі болып табылады.

Топырақтың құнарлылығын және оның сапасын жақсарту, зиянкестермен, арамшөптермен және өсімдік ауруларымен 6.5 сәйкес әдіспен тиімді күресу органикалық өнім өндірушілердің басты міндеті болып табылады. Органикалық өндіріс топырақты ұқыпты пайдалануға, топыраққа және оның айналасындағы экожүйелерге ұқыпты қарауға, түрлердің биологиялық әртүрлілігін, қоректік заттардың табиғи алмасу циклдерін тұтастай сақтауға және топырақтың қоректік заттарды жоғалтуын азайтуға негізделген.

6.3.2 Талаптар

6.3.2.1 Зиянкестермен, арамшөптермен және аурулармен күресу және топырақтың құнарлылығын сақтау үшін, органикалық өнім өндіруші өсімдік шаруашылығында басқа тәсілдермен әртүрлілікті қамтамасыз ететін жағдайларды қоспағанда, ауыспалы егісті әзірлеу және енгізу, оған бұршақ дақылдарын қосу, жасыл көң (жасыл тыңайтқыштар) өсімдіктерін өсіру қажет.

6.3.2.2 Бақтарды қолайсыз ауа-райынан қорғау үшін табиғи кедергілер жасау мақсатында биік қоршаулар мен әртүрлі ағаш-бұта өсімдіктерін отырғызу бойынша ұқсас құрылымдар мен әдістер қолданылады.

6.4 Топырақ құнарлылығы және тыңайтқыш

6.4.1 Негізгі қағидат

Органикалық ауыл шаруашылығы микроорганизмдерді, өсімдіктерді немесе жануарлардан алынатын өнімдерді оның құнарлылығы мен биологиялық белсенділігін арттыру немесе кем дегенде сақтау үшін топыраққа қайтару принципіне негізделген.

6.4.2 Ұсынымдар

Топырақтың құнарлылығын арттыру үшін микроорганизмдер, өсімдіктер немесе жануарлардан алынатын өнімдер, мысалы, басымдықтың кему ретімен көрсетілген мынадай көздерден алынған жасыл тыңайтқыштар, компост, мульча (жабын) қолданылуға тиіс:

- а) сәйкестік сертификаты бар өз фермасынан алынған органикалық өндіріс өнімдері;
- б) сәйкестік сертификаты бар басқа органикалық өнім өндірушілерден алынған органикалық өндіріс өнімдері;
- в) А қосымшасына сәйкес басқа көздер.

6.4.3 Талаптар

6.4.3.1 Егер органикалық материал, микроорганизмдер және топырақтың жалпы биологиялық белсенділігі және оның құнарлылығы жеткіліксіз деңгейде болса, оларды жақсарту, керісінше жағдайда – оларды сақтау және қолдау керек. Органикалық өнімді өндіруші топырақта ауыр металдар мен басқа ластаушы заттардың шамадан тыс жиналуының алдын алуға тиіс.

6.4.3.2 Топырақтың құнарлылығын арттыру үшін микроорганизмдер, өсімдік және мал шаруашылығы қалдықтары қолданылуға тиіс.

6.4.3.3 Топырақты жақсартатын заттар топыраққа, суға және биоәртүрлілікке зиян келтірмейтіндей етіп қолданылуға тиіс. Мұны тиісті көрсеткіштермен бағалау керек, мысалы:

- а) топырақта ауыр металдардың немесе фосфордың шамадан тыс жиналуы жоқ;
- б) су объектілерінің эвтрофикациясына елеулі әсері жоқ;
- в) топырақтың қоректік заттарға деген қажеттілігінен аспайтын қоректік заттарды теңдестірілген қолдану;
- г) қызмет көрсету және уақыт өте келе топырақтағы көміртек мөлшерін ұлғайту.

ҚР СТ 3111-2023

6.4.3.4 Топыраққа енгізілетін немесе А қосымшасында көрсетілген өсімдіктерге қолданылатын құралдарды қолдануға рұқсат етіледі.

6.4.3.5 Адамның нәжісін кез келген түрде пайдалануға тыйым салынады.

6.4.3.6 Минералды тыңайтқыштарды органикалық тыңайтқыштар, жасыл тыңайтқыштар, ауыспалы егіс және өсімдіктердің азотты бекітуі сияқты басқа әдістермен бірге топырақтың құнарлылығын арттырудың ұзақ мерзімді бағдарламаларында ғана қолдану керек.

Мұндай әдістерді қолдану топырақ пен өсімдіктерге агрохимиялық талдау жүргізгеннен кейін немесе тәуелсіз маман сараптама жүргізгеннен кейін белгілі бір топырақ инфрақұрылымы үшін қолайлы деп танылуға тиіс.

6.4.3.7 Минералды тыңайтқыштар олар бар және табиғатта бөлінетін түрінде қолданылады және қатты ерігіштігі үшін химиялық өндеуден өтпеуге тиіс.

6.4.3.8 Минералды азот тыңайтқыштарын қолдануға жол берілмейді. Синтетикалық гербицидтерді, фунгицидтерді, инсектицидтерді және басқа пестицидтерді қолдануға жол берілмейді. Синтетикалық өсу реттегіштері мен синтетикалық бояғыштарды қолдануға жол берілмейді.

6.4.3.9 Топырақты пайдаланбай органикалық өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру әдістерін қолдануға тыйым салынады.

6.4.3.10 Органикалық өнім өндірушінің аумағынан топырақты әкетуге тыйым салынған. Егін жинау кезінде топырақ кездейсоқ әкетілуі мүмкін.

6.4.3.11 Саңырауқұлақтарды өсіру кезінде субстраттар органикалық ауыл шаруашылығы өнімдерінен немесе шымтезек, минералды өнімдер, топырақ сияқты химиялық өңделмеген басқа да табиғи өнімдерден жасалуға тиіс.

6.4.3.12 Кәсіпорында топыраққа енгізілген жануарлардан алынатын органикалық тыңайтқыштардың жалпы саны ауыл шаруашылығы алқаптарының гектарына жылына 170 кг азоттан аспауға тиіс.

6.4.3.13 Органикалық өсімдік шаруашылығында топыраққа қойылатын фитосанитариялық нормалардың талаптарына сәйкес келетін жер учаскелері пайдаланылады [4].

6.4.3.14 Топырақ үшін гигиеналық нормативтерден асатын ластаушы заттары бар жер учаскелері [5] егіс айналымынан шығарылады.

6.5 Зиянкестермен, өсімдік ауруларымен және арамшөптермен күресу

6.5.1 Негізгі қағидат

Егіннің жол берілмейтін шығындарын болдырмау үшін органикалық өсімдік шаруашылығында зиянкестермен, өсімдік ауруларымен және арамшөптермен күресудің биологиялық және табиғи әдістері қолданылады. Қоршаған ортаға жақсы бейімделген дақылдардың сұрыптары қолданылады, биологиялық белсенділігі жоғары топырақтың құнарлылығын сақтау бағдарламалары жасалады, жергілікті жағдайларға бейімделген өсімдіктерді кезектестіру (айналдыру) әдістері қолданылады, серіктес өсімдіктер отырғызылады, жасыл тыңайтқыштар мен функционалды биотүрлері, тіршілік ету ортасын күту және бақылау шаралары, пайдалы микроорганизмдер және органикалық деп танылған және осы стандартта көрсетілген басқа да ауыл шаруашылығын жүргізу әдістері қолданылады.

6.5.2 Ұсынымдар

Операторлар органикалық өнімдерді өндіру мен айналымда пайдалануға рұқсат етілген препараттарды пайдалануға тиіс. Органикалық өндірісте рұқсат етілген өсімдіктерді қорғау құралдары В қосымшасында берілген.

6.5.3 Талаптар

6.5.3.1 Органикалық өсімдік шаруашылығы жүйесі зиянкестермен, өсімдік

ауруларымен және арамшөптермен күресуге арналған механикалық, биологиялық және физикалық әдістерді қамтуы мүмкін. Оларға мыналар жатады:

- а) қолайлы түрлер мен сұрыптарды таңдау;
- б) дақылдарды ауыстыру, біріктіру қолайлы бағдарламалары, серіктес өсімдіктерді отырғызу;
- в) механикалық өсіру;
- г) зиянкестерді құртатын табиғи жауларының орнығуына жақсы әсер ететін, өсімдіктерді табиғи күйінде сақтайтын табиғи өсірілген қоршаулары отырғызу, ұя салатын жерді және экологиялық буферлік аймақтарды қамтамасыз ету арқылы зиянкестердің табиғи жауларына қолайлы өмір сүру жағдайларын жасай отырыпы, оларды қорғау;
- д) жыртқыштар мен паразиттерді жоятын табиғи жаулар;
- е) мал жаю;
- ж) механикалық бақылау, мысалы, тұзақтар, кедергілер, жарық және дыбыс;
- и) жергілікті өсімдіктер, жануарлар және микроорганизмдер.

6.5.3.2 6.5.3-те көзделген шаралар жеткіліксіз болған кезде В қосымшасында көрсетілген зиянкестермен, өсімдік ауруларымен және арамшөптермен күресу үшін өнімдер пайдаланылуы мүмкін.

6.5.3.3 Б қосымшасында көрсетілмеген заттарды органикалық өсімдік шаруашылығында қолдануға тыйым салынады.

6.5.3.4 Зиянкестермен, өсімдік ауруларымен және арамшөптермен күресудің физикалық әдістерін, соның ішінде жылуды қолдануға рұқсат етіледі.

6.5.3.5 Топырақты жылумен зарарсыздандыруға тыйым салынады.

6.5.3.6 Кез келген қоспаның құрамында В қосымшасына сәйкес тек белсенді ингредиенттер болуы керек. Қалған ингредиенттер канцерогендер, тератогендер, мутагендер немесе нейротоксиндер болмауға тиіс.

6.6 Ластанудан қорғау

6.6.1 Негізгі қағидат

Топырақ пен органикалық өсімдік шаруашылығы өнімдерін ластанудан қорғауды қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шаралар қабылдануға тиіс.

6.6.2 Талаптар

6.6.2.1 Оператор тыйым салынған заттарды пайдаланудан өндіріс өнімдерінің ластану және қоршаған ортаның ластану қаупін болдырмау үшін өсімдіктерді, суды және басқа да ауыл шаруашылығы ресурстарын бақылау шараларын қамтамасыз етуге тиіс.

6.6.2.2 Органикалық өнім өндіруші ықтимал ластануды болдырмау және ластаушы заттардың органикалық өнімге түсуін шектеу үшін қорғаныс шараларын, оның ішінде тосқауылдар мен буферлік аймақтарды құру шараларын қабылдауға тиіс.

Органикалық өнім өндіруші ластанудың ықтимал қаупіне байланысты буферлік аймақтардың мөлшері мен көлемін дербес анықтайды. Буферлік аймақтарға отырғызылған өсімдіктер органикалық өнім ретінде сертификаттала алмайды.

6.6.2.3 Дәстүрлі өндірісті жүргізу кезінде пайдаланылған жабдық (ауыл шаруашылығы техникасы, агрегаттар) органикалық өндірісте пайдаланылғанға дейін ықтимал ластаушы материалдардан мұқият тазалануға тиіс.

6.6.2.4 Синтетикалық құрылымы бар жабындар, мульча, қой жүні, москит торы және сүрлем қаптамасы үшін тек полиэтилен және полипропилен немесе басқа поликарбонаттар негізіндегі өнімдерді, сондай-ақ биологиялық ыдырайтын материалдарды (мысалы, крахмал негізіндегі) пайдалануға рұқсат етіледі. Олар пайдаланылғаннан кейін топырақтан алынып тасталуға және ауылшаруашылық жерлерінде өртелмеуге тиіс.

ҚР СТ 3111-2023

6.7 Қорғалған топырақта дақылдарды өсіріп-өндіру

6.7.1 Жалпы қағидат

Осы стандарттың өсімдік шаруашылығына қойылатын барлық талаптары қорғалған топырақта дақылдарды өсіруге, соның ішінде өтпелі кезеңге (6.2 қараңыз), өсімдік шаруашылығындағы түрлер мен сұрыптардың әртүрлілігіне (6.3 қараңыз), сондай-ақ топырақтың құнарлылығы мен тыңайтқышқа (6.4 қараңыз) қолданылады. Табиғи жарық, ауа және су органикалық өсімдік шаруашылығының ажырамас бөлігі болып табылады.

6.7.2 Ұсынымдар

Жарық пен климатты басқару үшін пайдаланылатын энергетика мүмкіндігінше жаңартылатын көздер есебінен жүзеге асырылуға тиіс. Энергияны тұтынуды төмендететін технологияларды қолдану керек.

6.7.3 Талаптар

6.7.3.1 Жасанды жарықтандыруға тек өсімдіктерді көбейту үшін, сондай-ақ күндізгі жарықты 16 сағатқа дейін ұзарту үшін күн сәулесіне қосымша ретінде рұқсат етіледі.

6.7.3.2 Органикалық өнім өндірушілер жасанды жарықтандыру, жылыту, салқындату, желдету, ылғалдылық және басқа климаттық бақылау үшін пайдаланылатын кез келген энергияны бақылауға, тіркеуге және оңтайландыруға тиіс.

6.8 Органикалық түрлер мен сұрыптарды селекциялау

6.8.1 Негізгі қағидат

Өсімдіктердің органикалық селекциясы және ауылшаруашылық түрлері мен дақылдарының дамуы генетикалық әртүрлілікті арттыруға көмектесетін және өсімдіктердің табиғи репродуктивті қабілеттеріне сүйенетін тұрақты жүйе болып табылады. Ол, әсіресе, органикалық өндіріс жүйелеріне жарамды жаңа сұрыптарға арналған. Органикалық селекция заманауи ғылыми ізденістер мен жаңа технологиялардың үйлесіміне негізделген. Өсімдіктердің органикалық селекциясы біртұтас тәсілді қамтиды және табиғи будандастыру мен көбею әдістеріне қойылған шектеуші кедергілерден тыс асып шықпайды. Органикалық селекция жүйесінде топырақтың құнарлылығына пайдалы әсер ететін және оның өміршеңдігін сақтайтын өсімдіктер пайдаланылады. Дақылдардың органикалық түрлері мен сұрыптарының әртүрлілігіне органикалық селекция бағдарламасын іске асыру есебінен қол жеткізіледі.

6.8.2 Талаптар

6.8.2.1 Дақылдардың түрлері мен сұрыптарының органикалық әртүрлілігін алу үшін органикалық өнім өндірушілер осы стандарттың талаптарына сәйкес келетін әдістер мен құралдарды пайдалануға тиіс. Органикалық өсімдік шаруашылығында қолданылатын тұқым үлкейтудің барлық әдістері 6.1.3.3 талаптарына сәйкес келуге тиіс.

6.8.2.2 Органикалық селекцияда органикалық өнім өндірушілер осы стандартқа сәйкес келетін әдістер арқылы алынған дақылдар сұрыптарының генетикалық материалын ғана пайдалануға тиіс.

6.8.2.3 Органикалық өнім өндірушілер өздері қолданатын селекция әдістері мен тәсілдерін жасырмауға тиіс. Олар, кем дегенде, олардың тұқымдары іске асырылған сәттен бастап селекциялық әдістер мен селекция тәсілдер туралы ақпарат беруге тиіс.

6.8.2.4 Техникалық құралдардың көмегімен өсімдіктер геномының құрылымына араласуға жол берілмейді.

Ескертпе – Мұндай араласуға, мысалы, иондаушы сәулелену, ДНҚ, РНҚ оқшауланған молекуласын тасымалдау немесе ақуыздарды енгізу жатады.

6.8.2.5 Табиғи емес әдістерді қолдана отырып, оқшауланған жасуша құрылымына араласуға жол берілмейді.

Ескертпе – Мұндай араласуға, мысалы, гендік инженерия, цитоплазманы (цитотиз) еріту арқылы жасуша қабырғалары мен жасуша ядросының бұзылуы жатады.

6.8.2.6 Органикалық селекция әдістері арқылы өсімдіктердің табиғи репродуктивті қабілеті сақталады және қолдау көрсетіледі.

7 Мал шаруашылығы

7.1 Мал шаруашылығын басқару жүйесі

7.1.1 Негізгі қағидат

Органикалық мал шаруашылығы топырақ, өсімдіктер мен жануарлар арасындағы үйлесімді қарым-қатынас қағидаттарына, жануарлардың физиологиялық және мінез-құлық қажеттіліктерін түсінуге, оларды сапалы, органикалық өсімдік шаруашылығында өсірілген жеммен тамақтандыруға негізделген. Ауыл шаруашылығы жануарларының саны өсірілетін тұқымдардың мөлшерін/салмағын, органикалық жем өндірісі бойынша өндірістік қуатын, мал денсаулығының жай-күйін, қоректік заттардың тепе-теңдігін және қоршаған ортаға әсерін ескере отырып, нақты аймақтарға сәйкес келуге тиіс.

7.1.2 Талаптар

7.1.2.1 Мал шаруашылығының жерсіз жүйелеріне тыйым салынады.

7.1.2.2 Органикалық өнім өндіруші жануарлардың мінез-құлық қажеттіліктерін ескере отырып, қоршаған ортаның және ауыл шаруашылығы объектілерінің сақталуын қамтамасыз етуге, ауыл шаруашылығы жануарлары басының көптігін және жануарлар тобының мөлшерін бақылауға тиіс.

Жануарлар тобының атаулары 1-кестеде берілген.

1-кесте – Жануарлар тобының атаулары

Жануар	Топ атауы	Жануар	Топ атауы
Түйелер	үйір	Тауықтар	табын
Жылқылар	үйір	Мысыр тауығы	табын
Қой	отар	Күркетауық	табын
Ірі қара	табын, топ	Түйеқұстар	табын
Ешкі	табын	Ламалар	үйір
Маралдар (бұғылар)	табын	Буйволдар	табын
Қояндар	табын	Қодас	табын
Қаздар	табын	Шошқалар	табын
Үйректер	табын		

7.1.2.3 Органикалық өнім өндіруші ауыл шаруашылығы жануарларын мынадай жағдайлармен қамтамасыз етуге тиіс:

а) жануарларды кез келген табиғи қалыпты қабылдауына, атап айтқанда, еркін тұруына, еденге оңай жатуына, жууға, сондай-ақ табиғи қозғалыстар жасауына мүмкіндік беретін өмір сүрерліктей жеткілікті кеңістікпен қамтамасыз ету;

б) жануарлардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін таза ауа, су, азық, жылу жайлылығы және табиғи жарық;

в) жануарларды күн сәулесінің әсерінен, температураның өзгеруінен, жаңбырдан, балшықтан және желден қорғайтын демалыс аймақтарына, баспаналар мен қорғаныс құралдарына еркін қол жеткізу, бұл жануарларға күйзеліске ұшырамауға мүмкіндік береді;

г) қоректену және өзін-өзі дамыту үшін тиісті материалдар мен алаңдарды ұсыну.

Жануарлардың барлық санаттары үшін жалпы ұстау жағдайларына қосымша ретінде,

ҚР СТ 3111-2023

жануарлар топтары үшін мынадай нақты ережелер де ескерілуге тиіс, мысалы, ірі қара мал үшін: мал бағу; шошқалар үшін: жатуға, белсенділікке/нәжіске және азықтандыруға, қопсытуға, топтық ұстауға арналған бөлек аумақтар; құстар үшін: ұя салу, қанатты созу, азықтандыру, шаң ваннасы, алабұға аймағы және қауырсын күтімі.

Ескертпе – Ауыл шаруашылығы өндірісін басқару жүйесіне сәйкес, ашық ауада жайылым кезінде байланыста ұстау талап етілетін жануарларды, егер бұл жүйе осы стандарттың талаптарына сәйкес келсе, әлі де органикалық деп санауға болады.

7.1.2.4 Географиялық орналасуына және құрылымдық шектелуіне байланысты жануарлардың еркін қозғалуы мүмкін емес шаруашылықтарда жылдың немесе тәуліктің шектеулі кезеңіне жануарларды байлап ұстауға рұқсат етілуі мүмкін. Мұндай жағдайларда жануарлар еркін бұрыла алмайды, бірақ бұл жалғыз ерекшелік, өйткені 7.1.2.3 (әсіресе 7.1.2.3 а)-да көрсетілген осы стандарттың қалған талаптары сақталуға тиіс.

7.1.2.5 Жалпы ұсталатын жануарлар бір-бірінен оқшау тұрмауға тиіс. Осы талаптар союға арналған жануарлар тобына қолданылмайды. Органикалық өнім өндірушілер еркек түрлерін, ауру жануарларды және уақыты жақындаған буаз аналықтарды оқшаулай алады.

7.1.2.6 Фермада қолданылатын құрылыс материалдары мен өндірістік жабдықтар адамның немесе жануардың денсаулығына зиян келтірмеуге тиіс.

7.1.2.7 Органикалық өнім өндірушілер басымдықтың кему ретімен көрсетілген мынадай әдістерді қолдана отырып, жануарлардың зиянкестерімен және ауруларымен күресуге тиіс:

- а) тіршілік ету ортасын бұзу және нысандарға кіру сияқты профилактикалық әдістер;
- б) механикалық, физикалық және биологиялық әдістер;
- в) әртүрлі заттарды (химиялық пестицидтерді қоспағанда) қолдана отырып, тұзақтарды қолдану;
- г) Б қосымшасында көрсетілген заттар.

7.1.2.8 Жануарлар үй-жайларға орналастырылған кезде органикалық өнім өндіруші мыналарды қамтамасыз етуге тиіс:

а) жануарларды ұстау үшін палубаларды қолдану қажет болған жағдайда, палуба ретінде тиісті табиғи материалдар қолданылады. Жануарлар азық ретінде тұтынатын төсемдер органикалық текті болуға тиіс;

б) құрылыс ғимараттары жеткілікті оқшаулауды, жылытуды, салқындатуды және желдетуді қамтамасыз етеді, бұл ауа айналымы, шаң деңгейі, ауа температурасы, салыстырмалы ылғалдылығы болатынына кепілдік береді және газ концентрациясын қалыпты шектерде және ұсталатын жануар үшін қауіпсіз етеді;

в) жануарларды жабық торларда ұстауға тыйым салынады;

г) жануарлар жыртқыштар мен тағыланған жануарлардың шабуылынан қорғалуға тиіс;

д) жануарлардың денсаулығы мен әл-ауқатын сақтау үшін барлық жағдайлар қамтамасыз етілуге тиіс;

е) жануарларға үнемі бару және бақылау;

ж) денсаулыққа қатысты проблемалар туындаған кезде басқарудың тиісті түзетулері жүзеге асырылады (мысалы, мал санының азаюы).

7.1.2.9 Барлық жануарлар жартылай жабық қораларды қоса алғанда, жайылымдарға, жайылымға арналған аумақтарға немесе серуендеуге арналған қораларға қол жеткізе алуға және оларды физиологиялық жай-күйі, ауа-райы жағдайлары немесе жайылымдардың жай-күйі мүмкіндік беретін барлық жағдайларда пайдалана алуға тиіс. Мұндай аумақтар ішінара жабық болуы мүмкін. Жануарларды ауа-райының қолайсыздығына, денсаулық жағдайына, өсіру кезеңіне, ерекше жағдайларға немесе түнде үй-жайда уақытша ұстауға болады.

Лактация кезеңі жануарларды үйде ұстаудың қажетті шарты болып саналмайды.

7.1.2.10 Табиғи жарық күнін ұзарту үшін пайдаланылатын жасанды жарық сағаттарының ең көп саны жануарларға күндізгі жарықты тұтынудың табиғи нормасына, географиялық жағдайларға және жануарлардың жалпы денсаулығына сәйкес келетін максимумнан аспауға тиіс.

Жұмыртқа салатын тауықтар жасанды жарықтандырусыз кем дегенде сегіз сағаттық демалысты қамтамасыз етуі қажет.

7.2 Мал шаруашылығындағы өтпелі кезең

7.2.1 Негізгі қағидат

Органикалық жануарларды органикалық басқарылатын кәсіпорында туылуға және өсірілуге тиіс. Дәстүрлі өндірістен органикалық өндіріске ауысатын мал шаруашылығы жүйелері белгілі бір өтпелі кезеңді қажет етеді.

7.2.2 Талаптар

7.2.2.1 Жер мен жануарларға қатысты осы стандарттың талаптары түпкілікті өнімді органикалық өнім ретінде қарастыруға болатын сәтке дейін өтпелі кезеңде орындалуға тиіс. Жер учаскелері мен жануарлар бір уақытта органикалық мәртебеге ауыса алады.

7.2.2.2 Егер анасы буаз болған уақыт бойы органикалық бақылауда болса, тұқымы органикалық болып саналады.

Егер жануар лактация алдындағы буаз болған бүкіл уақыт бойы органикалық бақылауда болса, сүт органикалық болып саналады.

2 күннен бастап органикалық бағылған құстардан ғана алынған жұмыртқалар органикалық болып саналады.

7.2.2.3 Ет бағытындағы жануарлар, жұмыртқадан шыққанына 2 күн өткеннен кейін өсіруге болатын құстарды қоспағанда, туғаннан бастап органикалық басқарумен өсіріледі.

7.2.2.4 Дәстүрлі мал шаруашылығынан жануарлардың асыл тұқымды тобына жыл сайын органикалық мал шаруашылығындағы сол түрдің жеке ересектері санының 10%-дан аспайтын мөлшерде қосылуы мүмкін. Өсіруге арналған аналықтар буаз бола бастағанға дейін тұмаған және органикалық мәртебесін алған болуға тиіс.

Ережеден ерекшелік (10%-дан 40%-ға дейін) мынадай жағдайларда беріледі:

- а) ферманың айтарлықтай кеңеюі;
- б) фермада мал шаруашылығы өнімдерінің жаңа түрлерін енгізу;
- в) өндіріс алаңында 10-нан аз жануар бар.

Мал басын құрау кезінде дәстүрлі тәсілмен өсірілген жас жануарларды анасынан айырғаннан кейін олар тікелей органикалық бақылауда өсірілуге тиіс. Мал басына жануарларды қосу күніне мынадай шектеулер де сақталады:

- а) құлындардың, түйелердің, бұзаулардың, бұғылардың, буйволдардың және ламонттардың жасы 6 айдан аспауға тиіс;
- б) қояндардың жасы 3 айдан аспауға тиіс;
- в) қозылар мен лақтардың жасы 60 күннен аспауға тиіс;
- г) торайлардың салмағы 35 кг-нан кем болуға тиіс.

7.3 Тұқымдар және өсіру тәсілдері

7.3.1 Негізгі қағидат

Тұқымдар жергілікті табиғи-климаттық жағдайларға бейімделген болуға тиіс.

7.3.2 Талаптар

7.3.2.1 Өсіру жүйесіне адам араласпай табиғи жағдайда сәтті көбейтуге болатын тұқымдар қатысуға тиіс.

7.3.2.2 Жасанды ұрықтандыруға жол беріледі.

7.3.2.3 Эмбриондарды трансплантациялау әдістеріне және клондауға тыйым салынады.

ҚР СТ 3111-2023

7.3.2.4 Овуляция мен тууды ынталандыру үшін гормондарды қолдануға тыйым салынады.

7.4 Мертiгy

7.4.1 Негізгі қағидат

Органикалық мал шаруашылығы жүйесінде жануарлардың түрлері, психологиялық және мінез-құлық ерекшеліктері ескеріледі.

7.4.2 Талаптар

7.4.2.1 Жануарларды мертiктiруге тыйым салынады.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін, егер жануарлардың азап шегуі барынша азайтылса және мүмкіндігінше анестезия қолданылса, мынадай ерекшеліктер жануарлардың денсаулығын, ұстау жағдайларын немесе гигиенасын жақсартуға болады және (немесе) бағытталған:

- а) кастрация;
- б) козылардың құйрықтарын кесіп қысқарту;
- в) мүйіздерін қағып тастау;
- г) тұмсықты қысқарту;
- д) қойдың құйрығына резенке сақиналарды бекіту;
- е) азу тістерді қырқып алу;
- ж) шошқалардан басқасына сақина салу.

7.5 Жануарларды азықтандыру

7.5.1 Негізгі қағидат

Органикалық жануарлар осы стандарттың талаптарына сәйкес келетін органикалық жемді тұтыну арқылы жемге деген қажеттіліктерін қанағаттандырады.

7.5.2 Талаптар

7.5.2.1 Жануарлар органикалық азық жеуге тиіс.

Органикалық өнім өндірушілер жануарларды дәстүрлі түрде алынған азықтың шектеулі мөлшерімен шектеулі уақыт ішінде мынадай жағдайларда ғана тамақтандыра алады:

- а) органикалық азық дұрыс мөлшерде жоқ;
- б) маусымдық көші-қон кезінде дәстүрлі жайылымдарда мал жаю.

Дәстүрлі әдіспен алынған азықтың пайызы жылдық есептеуге сүйене отырып, күйіс қайыратын жануарға 10% құрғақ заттан және күйіс қайыратын жануарға 15% құрғақ заттан аспауға тиіс.

7.5.2.2 Жануарлар жануарлардың барлық тағамдық қажеттіліктерін қанағаттандыратын және сәйкес келетін, ас қорытуды жақсартуға ықпал ететін теңдестірілген қоректік азық мөлшерін алуға тиіс.

7.5.2.3 Азық табиғи жайылым айналасындағы ферманың өндірістік алаңдарынан әкелінуге немесе органикалық өнім өндірісінің сәйкестік сертификаты бар басқа органикалық өнім өндірушілермен бірлесіп өндірілуге тиіс.

7.5.2.4 Органикалық басқарудың бірінші жылында фермада өндірілген азықтандыру нормаларын есептеу мақсатында органикалық ретінде жіктеледі.

Бұл тек фермада өндірілетін мал азығына ғана қатысты. Мұндай азықты өткізуге немесе басқа тәсілмен органикалық азық ретінде сатуға болмайды.

7.5.2.5 Төменде келтірілген заттарды азықтандыру рационында қолдануға тыйым салынады:

- а) күйіс қайыратын жануарларға арналған жануарлардан алынатын жанама өнімдер (мысалы, сойылған мал қалдықтары);
- б) бір түрдегі жануарларды союдан алынған өнімдер;

- в) нәжістің барлық түрлері, соның ішінде саңғырықтар мен әртүрлі тезектер;
- г) ерітінділермен (мысалы, гексан) немесе басқа химиялық заттар қосылған экстракцияланған азық;
- д) синтетикалық аминқышқылдары және амин қышқылы изоляты;
- е) несепнәр және басқа синтетикалық азот қосылыстары;
- ж) синтетикалық өсу үдеткіштері мен стимуляторлары;
- и) тәбетті арттыратын синтетикалық заттар;
- к) технологиялық қоспа ретінде пайдаланылатын жағдайларды қоспағанда, консерванттар;
- л) жасанды бояғыштар;
- м) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған басқа да заттар.

7.5.2.6 Өсімдік, жануар және минерал тектес азықтық шикізат В қосымшасына сәйкес пайдаланылады.

7.5.2.7 Жануарларға Г қосымшасында көрсетілген табиғи компоненттерден жасалған витаминдер, микроэлементтер мен қоспалар беріледі.

7.5.2.8 Күйіс қайыратын жануарларға ірі азықтарға күнделікті берілуге тиіс.

Күйіс қайыратын мал жаюға болатын барлық маусымында жайылуға тиіс.

Күйіс қайыратын жануарлар ауа-райы мен топырақ жағдайлары малды жайылымға шығаруға мүмкіндік бермейтін жайылым маусымы бойы жаңа, органикалық, ірі тартылған азықпен қоректенуі мүмкін. Жаңа органикалық ірі азық мөлшері жайылым маусымында жануарлар тұтынатын ірі азық мөлшерінің 20%-нан аспауға тиіс.

7.5.2.9 Төменде көрсетілген азықтық консерванттарды қолдануға болады:

- а) бактериялар, саңырауқұлақтар және ферменттер;
- б) тамақ өнеркәсібінің табиғи өнімдері;
- в) өсімдік тектес өнімдер;
- г) 7.5.2.7-де басымдықтың кему ретімен көрсетілген витаминдер мен минералдар.

7.5.2.10 Жас сүтқоректілер өз тектес жануарлардан ана сүтімен немесе органикалық сүтпен қоректенуге тиіс.

Анасынан айыру төменде көрсетілген ең аз уақыт өткеннен кейін ғана мүмкін болады:

- а) боталар: 5 ай;
- б) құлындар, бұзаулар, бұғы бұзауы, буйвол бұзауы және лама бұзауы: 3 ай;
- в) көжек: 60 күн;
- г) торай: 6 апта;
- д) қозы мен лақ: 7 апта.

7.6 Ветеринария

7.6.1 Негізгі қағидат

Органикалық басқару әдістері теңдестірілген органикалық қоректену, стресстен тыс өмір сүру жағдайлары және ауруларға, паразиттерге және инфекцияларға төзімді тұқымдарды таңдау арқылы жануарлардың денсаулығы мен әл-ауқатын жақсартады және қолдайды.

7.6.2 Талаптар

7.6.2.1 Органикалық өнім өндіруші мал шаруашылығы жүйесінде қолжетімді ескерту шараларын пайдалана отырып, жануарлардың денсаулығын сақтап, олардың әл-ауқатына қамқорлық жасауға тиіс:

- а) жануарлардың тиісті тұқымдарын немесе түрлерін таңдау;
- б) жануарлардың табиғи иммунологиялық қорғалуын ынталандыру, олардың табиғи иммунитеті мен ауруға төзімділігін арттыру мақсатында жайылымдарға және/немесе ашық аспан астындағы жайылымдарға үнемі қол жеткізу сияқты жануарлардың әрбір түрінің талаптарына сәйкес келетін мал шаруашылығы әдістерін қолдану;

ҚР СТ 3111-2023

в) органикалық азықты пайдалану;

г) мал басының тиісті тығыздығы;

д) мал жаю әдістері мен тәсілдерін және мал шаруашылығын басқару жүйелерін кезектестіру.

7.6.2.2 Егер жануар ауырып қалса немесе қабылданған сақтық шараларына қарамастан жарақат алса, оны жедел және тиісті түрде емдеу қажет.

Қажет болса, жануарды қолайлы орын-жайда оқшаулап ұстау керек. Органикалық өнім өндіруші табиғи препараттар мен табиғи емдеу әдістерін қолдануға тиіс.

7.6.2.3 Синтетикалық аллопатикалық ветеринариялық препараттарды немесе антибиотиктерді қолдану жануардың органикалық мәртебесін жоғалтуына әкеледі.

Органикалық өнім өндірушілер аурудан жануарлардың қырылуына әкелуі жағдайда ғана ветеринариялық препараттарды қолданудан бас тартпауға тиіс.

7.6.2.3-тен ерекшелік бір мезгілде мынадай жағдайларды орындау кезінде мүмкін болады:

а) органикалық өнім өндіруші тарапынан 7.6.2.1-де көрсетілген талаптарды сақтау;

б) табиғи ветеринариялық препараттарды және олардың баламалары мен табиғи емдеу әдістерін ауру немесе жараланған жануарды емдеу үшін тиімсіз деп тану;

в) ветеринардың бақылауымен химиялық синтезделген аллопатиялық ветеринариялық препараттарды немесе антибиотиктерді пайдалану және екі рет, бірақ 30 күннен кем емес, тіпті одан да көп уақыт ветеринариялық препаратты қолдану (пайдалану) жөніндегі ережеде (нұсқаулықта) белгіленген аралықта дәрі-дәрмектерді ағзадан шығару кезеңін арттыру.

Бұл ерекшелік қалпына келтіру процедураларының ең көп дегенде үш курсына немесе химиялық синтезделген аллопатикалық ветеринариялық препараттарды немесе антибиотиктерді 12 ай ішінде бір рет қолдануға беріледі.

7.6.2.4 Алдын алу мақсатында синтетикалық аллопатикалық ветеринариялық препараттарды қолдануға тыйым салынады.

7.6.2.5 Өндірісті ынталандыру немесе табиғи өсуді тежеу үшін қолданылатын синтетикалық текті заттарға тыйым салынады.

7.6.2.6 Вакцинация жасауға эндемиялық ауру ферма орналасқан және ауруды басқа әдістермен жеңу мүмкін емес немесе заң бойынша вакцинация қажет болатын бүкіл өңір үшін проблемаға айналатыны белгілі болған кезде немесе проблема болады деп күтілген кезде ғана рұқсат етіледі.

7.7 Малды тасу және сою

7.7.1 Негізгі қағидат

Органикалық жануарлар тасымалдау және сою кезінде ең аз күйзеліске ұшырауға тиіс.

7.7.2 Талаптар

7.7.2.1 Тасымалдау және сою кезінде жануарға мұқият және ұқыпты қарау керек.

7.7.2.2 Электр қамшыларды және басқа да осындай құралдарды пайдалануға тыйым салынады.

7.7.2.3 Органикалық өндіріс жүйесінде өсірілген жануарларға тасымалдау және сою кезінде стресстің, тиеудің және түсірудің, жануарлардың әртүрлі топтарын араластырудың, температураның өзгеруінің және ауаның салыстырмалы ылғалдылығының жағымсыз салдарын барынша азайтатын жағдайлар қамтамасыз етілуге тиіс. Қолданылатын көлік тасымалданатын жануарлар түрінің талаптарына сәйкес келуге тиіс.

7.7.2.4 Тасымалдау кезінде және мал сою алаңында жануарлар азық пен судың жоқтығынан зардап шекпеуге тиіс.

7.7.2.5 Тасымалдауға дейін немесе тасымалдау кезінде жануарларға синтетикалық транквилизаторлар немесе стимуляторлар қолданылмауға тиіс.

7.7.2.6 Тасымалдау және сою процесінің әрбір кезеңінде әрбір жануар немесе жануарлар тобы есепке алынуға тиіс.

7.7.2.7 Мал союға дейін тасымалдау уақыты сегіз сағаттан аспауға тиіс.

Тасымалдау уақыты сегіз сағаттан аспайтын сертификатталған органикалық мал сою алаңдары болмаған жағдайда, жануар тасымалдау кезінде демалыспен және сумен қамтамасыз етілген жағдайда, жануарды ұзақ уақыт бойы тасымалдауға болады.

7.7.2.8 Тасымалдау мен союға жауапты адамдар тірі жануарлар өлі жануардың иісін иіскеп, сезінбеуі, сондай-ақ сойылу процесіндегі жануарларды көрмеуі үшін оларды бір-бірінен бөліп ажырату шараларын қолдануға тиіс.

7.7.2.9 Алдын ала жансыздандырмай қанын ағызып діни союға рұқсат етіледі. Бұл жағдайда оператор жануардың кез келген күйзелуін, ауырсынуын немесе қиналуын болдырмауға тиіс.

Сою үшін пайдаланылатын жабдық тиісті тәртіпте ұсталуға және жұмыс күйінде болуға тиіс.

7.7.2.10 Қарқынды өсіру әдістеріне жол бермеу мақсатында, құс белгілі бір минималды жасқа жеткенше өсіріледі немесе баяу өсетін тұқымдарды/сызықтарды пайдалану керек.

Егер баяу өсетін тұқымдар/сызықтар пайдаланылмаса, минималды бауыздау жасы:

- а) тауықтар үшін 81 күн;
- б) каплундар үшін 150 күн;
- в) пекин үйректері үшін 49 күн;
- г) аналық барбария үйректері үшін 70 күн;
- д) аталық барбария үйректері үшін 84 күн;
- е) мулардтар үшін 92 күн;
- ж) мысыр тауығы үшін 94 күн;
- и) күрке тауық пен етті қаздар үшін 140 күн;
- к) түйе тауық үшін 100 күн құрайды.

7.8 Ара шаруашылығы

7.8.1 Негізгі қағидат

Ара шаруашылығы өсімдіктерді аралармен тозаңдандыру арқылы ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығын жақсартуға ықпал ететін қызмет бағыты.

7.8.2 Талаптар

7.8.2.1 Ара ұясынан 3 км радиустағы аумақ органикалық басқарылатын егістіктерден, өңделетін жерлерден және/немесе табиғи табиғатты қорғау аумақтарынан тұруға тиіс, олар аралардың азық-түлікке қажеттілігін қамтамасыз ету үшін бал шырыны көздеріне, органикалық өсімдік шаруашылығының талаптарына сәйкес келетін нектар мен тозаңға жеткілікті қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

7.8.2.2 Органикалық өнім өндірушінің аталған аумақты халықтың денсаулығына қауіп төндіретін радиоактивті, химиялық, биологиялық немесе басқа заттармен ластайтын кәсіпорындардан, сондай-ақ дәстүрлі егістіктерден, өнеркәсіптік аймақтардан және автомобиль жолдарынан 6 км (аралар гүл балшырындарын іздеп жабатын қашықтық) жақынырақ орналастыруға құқылы емес.

7.8.2.3 Ара ұясын қоршаған ортаға және ара шаруашылығы өнімдеріне қауіп төндірмейтін табиғи материалдардан жасалуға тиіс.

Ықтимал уытты әсері бар құрылыс материалдарын пайдалануға тыйым салынады.

7.8.2.4 Өндірістік маусымның соңында ара ұяларында қысқы ұйқы кезінде ара шоғырының өмір сүруі үшін жеткілікті мөлшерде бал мен тозаң қоры қалуға тиіс.

Ара тобын жасанды тамақтандыруға экстремалды климаттық жағдайларға байланысты отбасының өмір сүруіне қауіп төнген кезде ғана рұқсат етіледі, тіпті бұл

ҚР СТ 3111-2023

жағдайда тек соңғы бал жинау арасындағы кезеңде және келесі балшырын немесе бал шырынын өндіру кезеңі басталғанға дейін 15 күн бұрын ғана жол беріледі. Бұл жағдайда тамақтандыру үшін органикалық бал, органикалық қант шәрбаты немесе органикалық қантты қолдануға рұқсат етіледі.

7.8.2.5 Ара колонияларын органикалық өндіріске ауыстыруға болады.

Жаңа араларды органикалық өндіріс өлшемшарттарына сәйкес келетін ара шаруашылықтарынан алу керек.

Егер осы стандарттың талаптары кем дегенде бір жыл бойы сақталса, ара шаруашылығы өнімдері органикалық ретінде пайдаланыла алады.

Экологиялық өндірістік бірліктерде ара тұқымын қалпына келтіру үшін, егер ара аналығы мен тобы органикалық өндірілген балауыздан жасалған кәрездерде немесе шеңберлерде ара ұяларына отырғызылса, осы стандарттың талаптарына сәйкес келмейтін ара аналығы мен тобының 10%-ын жыл сайын отырғызуға рұқсат етіледі.

7.8.2.6 Өтпелі кезең уақытында балауыз бұрын ұяда тыйым салынған өнімдер пайдаланылмаған және сәйкесінше балауыздың ластану қаупі жоқ жағдайларды қоспағанда, органикалық өндірілген балауызға ауыстырылуға тиіс.

Барлық балауызды бір жыл ішінде ауыстыру мүмкін болмаған жағдайда, өтпелі кезең балауызды толығымен ауыстыру үшін қажет уақытқа сәйкес ұзартылуға тиіс.

7.8.2.7 Зиянкестер мен аурулармен күресу үшін В қосымшасында көрсетілген құралдар мен әдістерге рұқсат етіледі.

7.8.2.8 Егер алдын алу шаралары нәтиже бермесе, мынадай ережелер сақталса, ветеринариялық дәрілік заттарды қолдануға болады:

а) фитотерапиялық және гомеопатиялық емдеуге артықшылық беріледі;

б) химиялық синтезделген аллопатикалық препараттарды қолданғаннан кейін ара шаруашылығы өнімдері өзінің органикалық мәртебесін жоғалтады және органикалық ретінде өткізілмейді;

в) өңделген ара ұялары оқшау ұсталуға және бір жылдық өтпелі кезеңнен өтуге тиіс.

7.8.2.9 Аталық араның тұқым шашуын жою тәжірибесі тек Varroa тобының паразиттік кенелерінің жұғуын тоқтату мақсатында ғана рұқсат етіледі.

7.8.2.10 Ара ұясының дені сау мен бақуатты болуына гигиенаны сақтау және тәжірибеде дұрыс қолданылатын органикалық ара шаруашылығы жүйесі арқылы қол жеткізу керек.

7.8.2.11 Ара шаруашылығы өнімдерін жинау тәсілі ретінде кәрездердегі бал араларын жоюға тыйым салынады.

7.8.2.12 Жәндіктерге зақым келтіруге, мысалы, ара аналығының қанаттарын жұлуға тыйым салынады.

7.8.2.13 Араларды жасанды ұрықтандыруға жол беріледі.

7.8.2.14 Синтетикалық ара репелленттерін қолдануға тыйым салынады.

Түтіндету әдісі мүмкіндігінше аз қолданылуға тиіс. Түтіндету үшін қолданылатын қолайлы материалдар табиғи текті болуға және осы стандарттың талаптарына сай болуға тиіс.

7.8.2.15 Балды сақтау температурасы мүмкіндігінше төмен болуға және ара ұяларынан алынған өнімдерді өндіру және өңдеу кезінде Цельсий бойынша 45 градустан аспауға тиіс.

7.8.2.16 Ара шаруашылығында Apis mellifera (бал арасын) және оның жергілікті экотиптерін дұрыс деп санау керек.

8 Су дақылы (аквадақыл)

8.1 Органикалық су дақылдарын өндіру жүйесіне көшу

8.1.1 Негізгі қағидат

Органикалық су дақылдарын өндіру және басқару жүйесіне көшу жолдары су дақылдарының түрлеріне және өндіріс әдістеріне байланысты.

8.1.2 Талаптар

8.1.2.1 органикалық өнім өндірушілер 5 және 7-бөлімдерде көрсетілген барлық талаптарды сақтауға тиіс.

8.1.2.2 Өтпелі кезең ағзаның кем дегенде бір өмірлік циклінің кезеңі немесе бір жыл (қай кезеңнің қысқа болуына байланысты) болуға тиіс.

8.1.2.3 Органикалық өнім өндірушілер қоршаған ортаны және судың сапасын сақтауға, сондай-ақ өндірістің бұрынғы әдісінен қалған қалдықтарды қауіпсіз кәдеге жаратуға кепілдік беретін органикалық су дақылдарын өндіру жүйесіне көшуді қамтамасыз етуге тиіс.

8.1.2.4 Өндірістік үй-жайлар дәстүрлі тәсілмен алынған ластану көздерінен және су дақылдарынан жеткілікті қашықтықта орналасуға тиіс.

8.2 Су дақылдарының экожүйелері

8.2.1 Негізгі қағидат

Органикалық су дақылдарын басқару жүйесі табиғи су дақылдарының биоәртүрлілігін сақтауға, сау су ортасын қолдауға, сондай-ақ су және құрлық экожүйелерінің сапасына бағытталған.

8.2.2 Талаптар

8.2.2.1 Су дақылдарының экожүйелері 4-бөлімде көрсетілген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

8.2.2.2 Органикалық өнім өндірушілер өсірілген су түрлерін жойылудан қорғау үшін тиісті шаралар қабылдауға және барлық жойылу жағдайларын құжат түрінде ресімдеуге тиіс.

8.2.2.3 Органикалық өнім өндірушілер шығынды – қоректік заттар шығарындыларын болдырмау үшін, сондай-ақ қоршаған ортаны сақтау мақсатында - қалдықтардың су экожүйесіне түсуін азайту үшін тексерілетін және тиімді шараларды қолдануға тиіс.

8.2.2.4 Тыңайтқыштар мен пестицидтер, егер олар А, Б, В, Г қосымшаларында көрсетілмесе, қолдануға тыйым салынады.

8.3 Су өсімдіктері

8.3.1 Негізгі қағидат

Органикалық су өсімдіктерін өсіру және жинау қоршаған ортаға теріс әсер етпейтін тәсілдермен орындалады.

8.3.2 Талаптар

8.3.2.1 Органикалық су дақылдарын өндіру 4 және 6-бөлімдерде көрсетілген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

8.3.2.2. Су өсімдіктерін жинау экожүйені бұзбауға немесе жинау аймақтарының немесе қоршаған су мен жер ортасының жағдайын нашарлатпауға тиіс.

8.4 Түрлер және селекция

8.4.1 Негізгі қағидат

Органикалық су өндіру жүйесіндегі жануарлар өз өмірін органикалық фермаларда бастайды.

ҚР СТ 3111-2023

8.4.2 Талаптар

8.4.2.1 Су жануарлары туғаннан бастап осы стандарттың талаптарына сәйкес өсірілуге тиіс.

Егер органикалық су жануарлары болмаса, өтпелі кезеңде өсірілген дәстүрлі түрде өсірілген жануарлар өмірінің кем дегенде үштен екісін органикалық жүйеде өткізуге тиіс.

Органикалық жас мал болмаған жағдайда, олардың санын көбейту үшін дәстүрлі тәсілмен өсірілген жануарларды органикалық материал ретінде пайдалануға жол беріледі.

Дәстүрлі тәсілмен өсірілген жануарларды органикалық өндіріске көшу кезінде органикалық материалды сақтау үшін ғана пайдалануға болады.

8.4.2.2 Органикалық өнімдерді өндірушілер жасанды полиплоидия немесе бір жынысты өсіру әдістерін қолданбауға тиіс.

8.4.2.3 Органикалық су өндірісі жүйесінде жергілікті табиғи-климаттық жағдайларға және қолда бар өндірістік құралдарға сәйкес іріктелген жануарлар түрлері мен селекция әдістері пайдаланылуға тиіс.

8.5 Жануарларды азықтандыру

8.5.1 Негізгі қағидат

Органикалық су жануарлары тиісті сапалы және табиғи органикалық көздерден жем алады.

8.5.2 Талаптар

8.5.2.1 Органикалық су жануарлары органикалық азық жеуге тиіс. Органикалық өнім өндірушілер органикалық азық дұрыс мөлшерде болмаған жағдайда шектеулі уақыт ішінде дәстүрлі түрде алынған азықтың шектеулі мөлшерін бере алады.

Жануарлар ақуызы мен майының дәстүрлі су көздері тәуелсіз дәлелденген тұрақты көздерден алынуға тиіс.

8.5.2.2 Органикалық су жануарларының қоректенуі 7.5.2.4 және 7.5.2.5-те көрсетілген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

8.5.2.3 Адам нәжисі бар суды пайдалануға тыйым салынады.

8.6 Су жануарларының денсаулығы мен әл-ауқаты

8.6.1 Негізгі қағидат

Органикалық басқару әдістері теңдестірілген органикалық қоректену, стресстен тыс өмір сүру жағдайлары және жергілікті табиғи-климаттық жағдайларға, ауруларға, паразиттерге және инфекцияларға төзімді тұқымдарды таңдау арқылы жануарлардың денсаулығы мен әл-ауқатын жақсартады және қолдайды.

8.6.2 Талаптар

8.6.2.1 Органикалық өнім өндірушілердің іс-әрекеттері 8.7-де көрсетілген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

8.6.2.2 Алдын алу мақсатында ветеринариялық препараттарды қолдануға тыйым салынады.

8.6.2.3 Емдеу қажет болған кезде органикалық өнім өндіруші табиғи емдеу әдістерін және табиғи препараттарды қолдануға тиіс. Омыртқасыздар үшін химиялық аллопатикалық ветеринариялық препараттар мен антибиотиктерді қолдануға тыйым салынады.

8.6.2.4 Өсуді жасанды ынталандыру және репродуктивті функцияны арттыру мақсатында синтетикалық гормондар мен өсу реттегіштерін пайдалануға тыйым салынады.

8.6.2.5 Жануарларды орналастыру тығыздығы олардың әл-ауқатына қауіп төндіремеуге тиіс.

8.6.2.6 Азықтандыруды қоса алғанда, ұстау әдістері, құрылыстарды салу тәсілдері, мал басының тығыздығы мен судың сапасы жануарлардың психологиясы мен мінез-құлқына сәйкес келетін олардың дамуына байланысты жануарлардың қажеттіліктеріне

сәйкес келуге тиіс.

8.7 Су жануарларын тасымалдау және сою

8.7.1 Негізгі қағидат

Органикалық жануарлар тасымалдау және сою кезінде ең аз күйзеліске ұшырауға тиіс.

8.7.2 Талаптар

8.7.2.1 Іс-қимылдар органикалық өнім өндірушілер 7.7-де көрсетілген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

8.7.2.2 Органикалық өнім өндірушілер тірі организмдермен физиологиялық қажеттіліктеріне сәйкес жұмыс жасауға тиіс.

8.7.2.3 Тасымалдау және сою кезінде оператор органикалық су жануарларын жануарлардың мұқтажына сай келетін қажетті жағдайлармен қамтамасыз ету жөніндегі тиісті шараларды қамтамасыз етуге тиіс және мыналардан болатын қолайсыз салдарды барынша азайтуға міндетті:

- а) су тапшылығы;
- б) көлікте өткізілген уақыт;
- в) жануарларды орналастыру тығыздығы;
- г) табиғи тіршілік ету ортасының жоғалуы.

8.7.2.4 Сою алдында омыртқалы су жануарлары жансыздандырылуға тиіс. Операторлар жануарларды есеңгірету үшін қолданылатын жабдықтың жұмыс істеп тұрғанын және жануардың сезіну қабілетінен айыру және/немесе өлтіру үшін есеңгірету жеткілікті екенін қадағалауға тиіс.

8.7.2.5 Су жануарлары жануарлардың табиғи қажеттіліктеріне құрметпен қарау талаптарына сәйкес жануарлардың күйзелісі мен азаптарын барынша азайтатын тәсілдермен ұсталуға, тасымалдануға және сойылуға тиіс.

9 Өңдеу және қайта өңдеу

9.1 Жалпы ережелер

9.1.1 Негізгі қағидат

Органикалық өңдеу және қайта өңдеу тұтынушыларды жоғары сапалы органикалық өнімдермен, ал органикалық өнім өндірушілерді олардың өнімдерін өткізу нарығымен қамтамасыз етеді.

9.1.2 Талаптар

9.1.2.1 Операторлар органикалық өнімдерді дәстүрлі тәсілмен алынған өнімдермен араластырмауға тиіс.

9.1.2.2 Операторлар органикалық өндірістің бүкіл тізбегін мұқият қадағалап отыруға тиіс.

9.1.2.3 Органикалық өнім осындай өнім ретінде нақты белгіленуге, сондай-ақ оны өндіру, қайта өңдеу, сақтау және тасымалдау процесінде дәстүрлі тәсілмен алынған өніммен жанасуын болдырмайтындай етіп өндірілуге, қайта өңделуге, сақталуға және тасымалдануға тиіс.

9.1.2.4 Егер дәстүрлі тәсілмен алынған өнім органикалық өнім өндірілетін үй-жайларда дайындалса немесе сақталса, оператор бұл туралы сәйкестікті растау жөніндегі органға хабарлауға тиіс.

9.1.2.5 Операторлар органикалық өнімге ластаушы заттар мен қоспалардың түсуін болдырмау үшін, қажет болған жағдайда үй-жайлар мен жабдықтарды тазалауды, зарарсыздандыруды және дезинфекциялауды қоса алғанда, барлық қажетті шараларды орындайды.

9.1.2.6 Операторлар өнімді өңдеу мен өңдеудің әрбір кезеңін қадағалау үшін қажетті

ҚР СТ 3111-2023

шараларды қолдануға тиіс.

9.2 Ингредиенттер

9.2.1 Негізгі қағидат

Органикалық өңделген өнімдер органикалық ингредиенттерден жасалған.

9.2.2 Талаптар

9.2.2.1 Органикалық өңделген өнімдерде қолданылатын барлық ингредиенттер Е қосымшасында көрсетілген қоспалар мен технологиялық қоспаларды пайдалану жағдайларын қоспағанда, органикалық тәсілдермен өндірілуге тиіс.

9.2.2.2 Бір ғана сол өнімде бір түрдегі органикалық және дәстүрлі түрде алынған ингредиентті пайдалануға тыйым салынады.

9.2.2.3 Су мен тұзды органикалық өнімдер өндірісінде ингредиенттер ретінде пайдалануға болады және органикалық ингредиенттердің пайыздық есептеулеріне енгізілмейді.

9.2.2.4 Минералдар (оның ішінде микроэлементтер), витаминдер және басқа да оқшауланған ингредиенттер Е қосымшасында көрсетілгендерді қоспағанда пайдаланылмауға тиіс.

9.2.2.5 ГТО мен олардың негізінде өндірілген өнімдерді қоспағанда, тамақ өнеркәсібінде қолданылатын микроорганизмдер мен ферменттері бар препараттарды қолдануға болады.

Органикалық өнімді өңдеу мен қайта өңдеуде қолданылатын дақылдар органикалық өндіріс талаптарына сәйкес келетін кәсіпорын шегінде дайындалуға немесе көбейтілуге тиіс.

9.2.2.6 Тамақ өнімдері мен жемді өңдеуге арналған органикалық микроорганизмдерді өндіру үшін тек органикалық өндірілген субстрат пайдаланылуға тиіс.

9.3 Қайта өңдеу әдістері

9.3.1 Негізгі қағидат

Операторлар тұтынушыны тағамдық құндылығын жоғалтпайтындай етіп қайта өңдеу арқылы жоғары сапалы өнімдермен қамтамасыз етеді. Сонымен қатар олар өнім өндірісінің қоршаған ортаға теріс әсер етпеуін қамтамасыз етеді.

9.3.2 Талаптар

9.3.2.1 Органикалық өнімдерді өңдеу және қайта өңдеу үшін қолданылатын әдістер табиғаты бойынша биологиялық, физикалық және механикалық болуға тиіс.

Органикалық өніммен химиялық реакцияға түсетін немесе оны өзгертетін кез келген қоспалар, технологиялық қоспалар немесе басқа материалдар органикалық болуға немесе Е қосымшасында көзделуге және белгіленген шектеулерге сәйкес пайдаланылуға тиіс.

9.3.2.2 Мынадай:

а) органикалық өнімдерді өңдеу және сақтау кезінде жоғалған қасиеттерді қалпына келтіретін;

б) қайта өңдеу кезінде жіберілген немқұрайлылықты жасыратын;

в) немесе басқа жолмен өнімдердің шынайы табиғаты сипатына қатысты жаңылыстыратын заттар мен әдістер қолданылмауға тиіс.

Суды қайта ылғалдандыру немесе қалпына келтіру үшін пайдалануға болады.

9.3.2.3 Органикалық өнімді алу үшін пайдаланылатын еріткіштер не органикалық өнімнен, не Е қосымшасына сәйкес заттардан алынуға тиіс.

9.3.2.4 Өнімнің немесе соңғы өнімнің құрамына кіретін ингредиенттердің сәулеленуіне жол берілмейді.

9.3.2.5 Сүзуге арналған жабдықта асбест болмауға тиіс. Сүзу үшін өнімге теріс әсер етуі мүмкін әдістерді немесе заттарды қолдануға болмайды. Сүзгі агенттері мен қосалқы

заттар технологиялық қоспалар болып саналады, сондықтан оларды Е қосымшасында тізімделуге тиіс.

9.3.2.6 Мынадай сақтау шарттарына рұқсат етіледі:

- а) жасанды климат;
- б) температураны бақылау;
- в) кептіру;
- г) ылғалдылықты реттеу.

9.3.2.7 Органикалық өнімдерде наноматериалдарды әдейі өндіруге немесе пайдалануға тыйым салынады.

9.3.2.8 Органикалық өнімдермен жанасуы мүмкін өндіріс жабдықтарының беттерінде наноматериалдар болмауға тиіс.

9.4 Зиянкестермен және аурулармен күресу

9.4.1 Негізгі қағидат

Органикалық өнімдер зиянкестермен күресудің немесе сәулеленудің химиялық әдістерін қолданбай тиісті тазалауды, санитариялық және гигиеналық нормаларды сақтауды қамтитын тиісті өндірістік әдістерді қолдану арқылы зиянкестер мен аурулардан қорғалуға тиіс.

9.4.2 Талаптар

9.4.2.1 Операторлар зиянкестермен күресуге және басымдықтың кему тәртібімен көрсетілген мынадай әдістерді қолдануға тиіс:

а) зиянкестердің тіршілік ету ортасын бұзу, жою және зиянкестердің объектілерге кіруі сияқты профилактикалық әдістер;

б) механикалық, физикалық және биологиялық әдістер, соның ішінде визуалды анықтау әдістері, дыбыс, ультрадыбыстық, жарық және ультракүлгін сәулелену, температураны бақылау, жасанды климат және диатомды жер;

в) Б қосымшасында көрсетілген тұзақтарда қолданылатын заттар (химиялық пестицидтерден басқа).

9.4.2.2 Зиянкестермен күресудің тыйым салынған әдістері мынадай заттар мен әдістерді қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

а) Б қосымшасында көрсетілмеген химиялық пестицидтер;

б) этилен тотығымен, бромидті метилмен, алюминий фосфидімен немесе Б қосымшасында көрсетілмеген басқа заттармен фумигациялау;

в) иондаушы сәулелену.

Тыйым салынған әдісті немесе материалды пайдалану немесе қолдану бұл өнімнің органикалық мәртебесін жоғалтуына әкеледі. Оператор ластанудың алдын алу үшін қажетті сақтық шараларын қолданады, оның ішінде органикалық өнімдер мен буып-түю материалдарын қоймалардан немесе қайта өңдеу орындарынан шығарып тастайды, сондай-ақ жабдықты немесе өндірістік объектілерді тазарту бойынша шаралар қабылдайды. Жабдыққа немесе өндіріс құралдарына қатысты тыйым салынған заттарды қолдану осы жабдықта өңделетін немесе қайта өңделетін органикалық өнімдерді лақтамауға тиіс. Жабдыққа немесе өндірістік объектілерге қатысты тыйым салынған заттарды қолдану осы жабдықта өңделетін немесе қайта өңделетін өнімнің органикалық тұтастығына әсер етпеуге тиіс. Осыны растау үшін барлық өндірістік процестер қатаң құжат түрінде ресімделуге тиіс.

9.5 Буып-түю

9.5.1 Негізгі қағидат

Қаптама өнімге және қоршаған ортаға минималды теріс әсер етеді.

9.5.2 Ұсынымдар

Поливинилхлоридті (ПВХ) және алюминийді қолданбауға тырысу керек.

ҚР СТ 3111-2023

9.5.3 Талаптар

9.5.3.1 Буып-түю материалдары органикалық өнімдердің ластануына әкелмеуге тиіс.

Осы талап өнімнің органикалық тұтастығына зиян келтіруі мүмкін кез келген затпен байланыста болған қайта пайдалануға болатын пакеттерге немесе контейнерлерге қатысты. Синтетикалық фунгицидтер, консерванттар, фумиганттар немесе наноматериалдар бар буып-түю материалдары мен сақтау контейнерлеріне немесе себеттерге тыйым салынады.

9.5.3.2 Операторлар қаптаманың қоршаған ортаға келтіретін зиянын азайту және/немесе қоршаған ортаға ең аз теріс әсер ететін буып-түю материалын таңдау үшін күш салуға тиіс. Бұл ретте өндірістің қоршаған ортаға жалпы әсері, сондай-ақ қаптаманы пайдалану және кәдеге жарату ескерілуге тиіс.

9.6 Технологиялық жабдықтарды тазалау, зарарсыздандыру және санитариялық өңдеу

9.6.1 Негізгі қағидат

Органикалық өнімдер қауіпсіз, жоғары сапалы болуға және құрамында технологиялық жабдықты тазарту, дезинфекциялау, санитариялық өңдеу үшін қолданылатын заттар болмауға тиіс.

9.6.2 Талаптар

9.6.2.1 Операторлар органикалық өнімді қайта өңдеу, зиянкестермен, патогендермен және бөгде заттармен күресу процестерінде органикалық өнім өндірісінде пайдалануға тыйым салынған заттармен ластанудан қорғау үшін барлық қажетті сақтық шараларын қабылдауға тиіс.

9.6.2.2 Д қосымшасында көрсетілген су мен заттарды өніммен тікелей байланыста болатын технологиялық жабдықты өңдеу кезінде жуу және зарарсыздандыру құралдары ретінде пайдалануға болады.

9.6.2.3 Өніммен жанасатын беттерді өңдеу кезінде басқа жуу және зарарсыздандыру құралдарын пайдаланатын операторлар оларды өнімді ластанайтындай етіп пайдалануға тиіс. Оператор орындайтын іс-әрекеттер органикалық өнімнің қалдық ластануын болдырмау үшін жеткілікті болуға тиіс.

10 Таңбалау

10.1 Негізгі қағидат

Органикалық өнімнің таңбалауы түсінікті, оқуға оңай, дұрыс және тұтынушыларды (сатып алушыларды) жаңылыстырмауға тиіс, бұл ретте жазулар мен белгі таңбалау басылған фонға қайшы болуға тиіс.

10.2 Талаптар

10.2.1 Осы стандартқа сәйкес сертификатталған, құрамында 95%-дан 100%-ға дейін ингредиенттер (салмағы бойынша) органикалық болып табылатын органикалық өндіріс жағдайында өндірілген өнім Ж қосымшасына сәйкес органикалық өнімнің ұлттық сәйкестік белгісін пайдалана отырып, "органикалық" ретінде таңбаланады.

10.2.2 Өнімді органикалық өнімге сәйкестік белгісін қолданбай "өтпелі органикалық өнім" ретінде сатуға және таңбалауға рұқсат етіледі.

10.2.3 Әртүрлі ингредиенттерден тұратын өнімнің барлық ингредиенттері затбелгіде олардың салмағын пайызбен көрсету ретімен көрсетілуге тиіс. Қандай ингредиенттер органикалық және қайсысы жоқ екендігі көрсетілуге тиіс. Барлық қоспалар олардың толық атауын көрсете отырып тізімделуге тиіс. Егер шөптер және/немесе дәмдеуіштер өнімнің жалпы салмағының 2%-дан кем құраса, онда олар пайызды көрсетпей "дәмдеуіштер" немесе "шөптер" ретінде көрсетіледі.

10.2.4 Органикалық өнім өндірісіне көшу процесіндегі ингредиенттерді әртүрлі

ингредиенттерден тұратын өнімде пайдалануға болады. Алайда компоненттер тізімінде олардың мәртебесі және құрғақ затқа есептегенде өтпелі, органикалық және дәстүрлі түрде алынған ингредиенттердің жалпы пайыздық қатынасы нақты көрсетілуге тиіс.

10.2.5 Табиғи немесе өңделмеген (мысалы, жеміс себеттері) әртүрлі ингредиенттерден тұратын өнімдер, егер оның құрамына кіретін барлық компоненттер органикалық болса ғана "органикалық" деп аталып, таңбаланады.

10.2.6 Органикалық өнімді өндіруге көшу процесінде өндірушінің өнімін таңбалау органикалық өнімді таңбалаудан айқын ерекшеленуге тиіс. Тек бір ингредиенттен тұратын өнімдер "өтпелі кезеңдегі органикалық өнімдер" деп белгіленеді.

10.2.7 Егер мұндай органикалық өнімдер мен заттар нарықта жеткілікті мөлшерде немесе сапада қолжетімді болмаса, органикалық емес ингредиенттерді пайдалануға болады. Бұл ретте мұндай өнімдерді қолданар алдында сәйкестікті растау жөніндегі органнан рұқсат алынуға тиіс. Сәйкестікті растау жөніндегі орган күнтізбелік бір жыл мерзімге уақытша рұқсат береді. Рұқсат бір жылға қосымша ұзартылуы мүмкін. Егер мерзім ұзартылғаннан кейін мұндай органикалық ингредиенттердің болуы қажеттілікті қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болып қалса - бұл ингредиент органикалық өнім өндірісінде пайдалануға арналған тағамдық қоспалар мен технологиялық көмекші құралдар тізіміне енгізіледі.

**А қосымшасы**
(міндетті)**Органикалық өндірісте рұқсат етілген өсімдіктерді қорғау құралдары**

А.1 Органикалық өндірісте рұқсат етілген тыңайтқыштар мен топырақты жақсартатын заттар А.1-кестеде берілген.

А.1-кесте

Атауы	Сипаттама, құрамына қойылатын талаптар, қолдану шарттары
Органикалық өнім өндіретін шаруашылықтардан алынған төсем көңі	
Органикалық өнім өндіретін шаруашылықтан алынған көң	Компосттаудан кейін, топыраққа тамақ мақсатына арналған егін жинауға дейін 120 күн бұрын қолданған кезде
Органикалық өнім өндіретін шаруашылықтан алынған құрғақ көң және құрғақ құс тамшылары	
Органикалық өнім өндіретін шаруашылықтан алынған төсенішті көң, төсенішсіз саңғырық	Ферментациялауды және (немесе) тиісті сұйылтуды бақылау жүргізілгеннен кейін пайдалану
Органикалық өнім өндіретін шаруашылықтардан алынған көң, саңғырық негізіндегі компосттар	Сол сияқты
Сұрыпталған, компостталған ферменттелген тамақ қалдықтары немесе үй қалдықтары	Сол сияқты
Шымтезек	Синтетикалық қоспалар қосылған шымтезектен басқа. Тұқымдарды шымтезек құмыраларында өсіру үшін қолдану. Топырақ кондиционері ретінде жол берілмейді
Саңырауқұлақ қалдықтары мен вермикулиттің компосты мен субстраты	
Вермикомпост, зоокомпост	
Гуано	
Өсімдік тектес жанама өнімдерден алынған компост шығу тегі	
Қайта өңделген мал сою пункттері мен балық зауыттарынан өңделген мал шаруашылығы өнімдері*	Құрамында хром (VI) болуға жол берілмейді
Теңіз балдырлары және олардан жасалған өнімдер	Тек мыналар арқылы алынуға тиіс: 1) сусыздандыруды, мұздатуды және ұнтақтауды қоса алғанда, физикалық процестер; 2) сумен немесе қышқылдың сулы ерітіндісімен және/немесе сілтілі ерітіндімен экстракциялау
Үгінділер, қабықтар және ағаш қалдықтары	Ағаш кесілгеннен кейін ол химиялық заттармен өңделмеуге тиіс
Компостталған қабық	Сол сияқты
Ағаш күлі	Сол сияқты
Табиғи фосфаттар	Кадмий мөлшері 60 мг/кг P_2O_5 аспауға тиіс
Алюминий-кальций фосфаты	Дефолиант немесе гербицид ретінде қолданылмауға тиіс Көрсетілген микроэлементтердің хлоридтері мен нитраттарын пайдалануға жол берілмейді. Кадмий мөлшері 60 мг/кг P_2O_5 аспауға тиіс



А.1-кестенің жалғасы

Атауы	Сипаттама, құрамына қойылатын талаптар, қолдану шарттары
Томас-кож	
Калий тұздары (каинит, сильвинит және т.б.)	Хлордың мөлшері 60% артық болмауға тиіс
Калий сульфаты (патенкали және т.б.)	Ерігіштігін жақсарту мақсатында химиялық жолмен кейіннен байыта отырып физикалық процестер нәтижесінде алынған
Барда және барда сығындысы, аммиак бардасына басқа	
Табиғи шыққан кальций карбонаты (бор, мергель, әктас, құрамында фосфаты бар бор)	
Табиғи (қалыпты) текті магний жыныстары	
Табиғи (қалыпты) текті әк-магний жыныстары	
Эпсолит (магний сульфаты)	
Кальций хлориді ерітіндісі	кальций тапшылығы дәлелденген жағдайда жапырақтарды өңдеу үшін
Табиғи гипс (кальций сульфаты) тек табиғи көздерден	
Қант өндірісінің жанама өнімдері (мысалы, барда)	
Күкірт	
Микроэлементтер (мысалы, бор, мыс, темір, марганец, молибден, мырыш)	Дефолианттар немесе гербицидтер ретінде қолданылмауға тиіс Көрсетілген микроэлементтердің хлоридтері мен нитраттарын пайдалануға тыйым салынады
Натрий хлориді	Тек кен тұзын қолдану
Тас ұнтағы (ұсақталған базальт)	Кадмий мөлшері 60 мг/кг P_2O_5 аспауға тиіс
Сазбалшық (мысалы, бентонит, перлит, цеолит)	Кадмий мөлшері 60 мг/кг P_2O_5 аспауға тиіс
Органикалық өнім өндіретін шаруашылықтан алынған ауыл шаруашылығы дақылдарының қалдықтары және жасыл көң тыңайтқыштары	
Органикалық өнімдерді өндіретін шаруашылықтардан алынған сабан және басқа жабын	
Технологиялық көмекші құралдармен өңделмеген тамақ және тоқыма өнеркәсібінің жанама өнімдері	
Вермикулит	
Табиғи (қалыпты) текті гумин қышқылдары (тек сулы және сілтілі сығындылар)	
Хлорлы әк	
Гвинея пальмасы, кокос және какао өңдеу бойынша жанама өнімдеі (соның ішінде пальма жоталары мен сығындылары, сүзілген күнжара, какао қабығы)	
Органикалық өнімді өңдеуден алынған жанама өнімдер	
* Мал сою алаңының өнімдерін, жаңа қанды, сондай-ақ несепнәр мен чили нитратын өңдеу кезінде алынған тыңайтқыштарды пайдалануға жол берілмейді	

**В қосымшасы**
(міндетті)**Органикалық өндірісте рұқсат етілген өсімдіктерді қорғау құралдары**

Б.1 Органикалық өндірісте рұқсат етілген өсімдіктерді қорғау құралы ретінде пайдаланылатын жануарлардан немесе өсімдіктерден алынған заттар Б.1-кестеде берілген.

Б.1-кесте

Атауы	Сипаттама, құрамына қойылатын талаптар, қолдану шарттары
Azadirachta indica-дан алынған бор негізіндегі өнімдер (азадирахтин);	Инсектицид. Олар егінге тікелей қауіп төнген кезде ғана қолданылады
Ара балауызы;	Олар егінге тікелей қауіп төнген кезде ғана қолданылады
Желатин	Инсектицид. Олар егінге тікелей қауіп төнген кезде ғана қолданылады
Лецитин	Олар егінге тікелей қауіп төнген кезде ғана қолданылады
Өсімдіктер мен жануарлар майлары (мысалы, жалбыз, қарағай, зире майы)	Инсектицид, акарицид, фунгицид және өскіннің өсу ингибиторы. Олар егінге тікелей қауіп төнген кезде ғана қолданылады
Құрамында синергистер болуы мүмкін Chrysanthemum cinerariaefolium-дан алынған пиретриндер негізіндегі препараттар	Синергист ретінде пиперонил бутоксидін қоспағанда, егінге тікелей қауіп төнген кезде ғана қолданылады
Quassia amara негізіндегі препараттар	Инсектицид, репеллент. Олар егінге тікелей қауіп төнген кезде ғана қолданылады
Derris elliptica, Lonchocarpus spp, Thephrosia spp түрлерінен алынған ротенон негізіндегі препараттар	Инсектицид. Олар егінге тікелей қауіп төнген кезде ғана қолданылады
Ryania speciosa негізіндегі препараттар	Олар егінге тікелей қауіп төнген кезде ғана қолданылады
Казеин	Сол сияқты
Прополис	Егінге тікелей қауіп төнген жағдайда ғана пайдаланылады
Табиғи қышқылдар (мысалы, сірке қышқылы)	Сол сияқты
Ашытылған саңырауқұлақтан алынған ферменттелген өнімдер	Сол сияқты
Саңырауқұлақ сығындысы (Shiitake fungus)	Сол сияқты
Хлорелла сығындысы;	Сол сияқты
Табиғи текті хитиндік әсер ететін нематодцидтер	Сол сияқты
Табиғи өсімдік препараттары (темекі негізіндегі препараттарды қоспағанда);	Сол сияқты
Сабадилла	Сол сияқты

Б.2 Зиянкестер мен ауруларды биологиялық бақылау үшін қолданылатын микроорганизмдер мен олар шығаратын заттар Б.2-кестеде берілген.

Б.2-кесте

Атауы	Сипаттама, құрамына қойылатын талаптар, қолдану шарттары
<i>Bacillus thuringiensis</i> препараттары, гранулез вирусы және т.б.	Олар егінге тікелей қауіп төнген кезде ғана қолданылады
Спиносад	Инсектицид. Негізгі паразитоидтардың және қарсылықтың даму қаупінің тәуекелдерін азайту шаралары қабылданған жағдайда ғана

Б.3 Тұзақтар мен бүріккіштерде қолдануға рұқсат етілген заттар Б.3-кестеде берілген.

Б.3-кесте

Атауы	Сипаттама, құрамына қойылатын талаптар, қолдану шарттары
Диаммоний-фосфат	Жем, тек тұзақтарда
Феромондар	Жем; жыныстық қалыпты бейтараптандыратын зат ; тек тұзақтар мен бүріккіштерде
Құрамында репелленттері бар металдегид негізіндегі препараттар жоғары ұйымдасқан жануарларды қорқыту үшін, сондай-ақ тұзақтарда қолданылады	Олар егінге тікелей қауіп төнген кезде ғана қолданылады
Пиретроидтар (тек дельтаметрин немесе ламбда-цигалотрин);	Инсектицид; тек арнайы жемдері бар тұзақтарда; тек <i>Bactrocera oleae</i> түрдегі шыбынмен және <i>Ceratitis capitata</i> Wied Жерорта теңізі жеміс шыбынымен күресу үшін

Б.4 Органикалық өндірісте дәстүрлі түрде қолданылатын басқа заттар Б.4-кестеде берілген.

Б.4-кесте

Атауы	Сипаттама, құрамына қойылатын талаптар, қолдану шарттары
Гидроксид, хлор оксиді (үш негізді), сульфат, тотық, бордос және бургунд сұйықтығы түріндегі мыс	Қолдану қажеттілігі, тағайындалуы және мөлшерленуі белгіленген тәртіппен расталады. Белгіленген деңгейден жоғары топырақта мыс жиналуына әкелмейтін препараттарды қолданған жағдайда фунгицид ретінде қолдануға болады
Этилен	Бананның, кивидің және шығыс құрмасының толық пісуі. Цитрус жемістерінің толық пісуі, тек жеміс шыбынымен күресу әдісі ретінде. Картоп пен пияздың өнуінің тежелуі
Калийдің май қышқылдарының тұздары (сұйық сабын)	Инсектицид
Күкіртті әк (полисульфид)	Фунгицид, инсектицид, акарицид
Парафин майы	Инсектицид, акарицид. Олар егінге тікелей қауіп төнген кезде ғана қолданылады
Минералды майлар (мұнайдан басқа)	Олар егінге тікелей қауіп төнген кезде ғана қолданылады
Калий перманганаты	Жеміс ағаштары, жүзім үшін егінге тікелей қауіп төнген кезде ғана қолданылады
Кварц құмы	Репеллент



ҚР СТ 3111-2023

Б.4-кестенің соңы

Атауы	Сипаттама, құрамына қойылатын талаптар, қолдану шарттары
Күкірт	Фунгицид, акарицид, репеллент. Олар егінге тікелей қауіп төнген кезде ғана қолданылады
Минералды ұнтақтар (тас ұнтағы, силикаттар, бентонит)	Олар егінге тікелей қауіп төнген кезде ғана қолданылады
Диатомды топырақ	Сол сияқты
Натрий силикаты	Сол сияқты
Натрий бикарбонаты	Сол сияқты
Темір фосфаты	Моллюскоцид ретінде қолданылады
Қайнатылған әк	Топырақта мыстың жиналуын азайту үшін қолданылады
Калий гидрокарбонаты	Фунгицид
Сутегі асқын тотығы	Олар егінге тікелей қауіп төнген кезде ғана қолданылады
Химиялық өңдеуден өтпеген теңіз балдырлары, балдырлардан алынған ұн мен сығындылар, теңіз тұздары мен тұзды сулар	Сол сияқты
Көмірқышқыл газы	Сол сияқты
Азот	Сол сияқты
Этил спирті	Сол сияқты

В қосымшасы
(міндетті)

Органикалық мал шаруашылығында пайдалануға рұқсат етілген жемшөп шикізаты

В.1 Өсімдік тектес шикізат материалдары

В.1.1 Дәнді дақылдар, жарма, олардың өнімдері мен қалдықтары

Дәндердегі, үлпектердегі, ұсақ түйіршіктердегі, қабықтағы және кебектегі сұлы.

Дәндердегі арпа, ұсақ түйіршікті.

Күріш тұқымының күнжарасы.

Түйір тары.

Қара бидай дәні мен ұсақ түйіршігі.

Түйір сорго.

Түйір, ұсақ түйіршікті бидай, астық қалдықтары, глютенді жем және өскіндер.

Түйір спельта.

Түйір тритикале.

Түйір, ұсақ түйіршікті жүгері, астық қалдықтары, жүгері күнжарасы және глютен.

Уыт өскіндері.

Жармақ.

В.1.2 Майлы тұқымдар, майлы жемістер, олардың өнімдері мен қалдықтары

Рапс тұқымдары, күнжара және қабығы.

Бұршақ түріндегі соя, қуырылған бұршақ, күнжара және жеміс қабықтары.

Күнбағыс тұқымы немесе оның күнжарасы.

Мақта және күнжара тұқымы.

Зығыр және күнжара тұқымы.

Күнжіт тұқымының күнжарасы.

Кокос жаңғағы дәнінің күнжарасы.

Асқабақ тұқымының күнжарасы.

Зәйтүн, зәйтүн жұмсағы.

Сурепка тұқымының және оның жеміс қабығының күнжарасы.

Өсімдік майлары (физикалық әдіспен алынған).

В.1.3 Бұршақ тұқымдары, олардан алынған өнімдер мен қалдықтары

Тұқым түріндегі бұршақ, бұршақ тұқымы, уатылған бұршақ.

Ноқат тұқымы, уатылған ноқат.

Француз жасымық тұқымы.

Тұқымдар Термиялық өңдеуден өткен себілетін чинаның тұқымы және уатылған чина.

Бұршақ тұқымы, уатылған бұршақ.

Жылқы бұршағы тұқымдары, уатылған бұршақ.

Вика тұқымы, уатылған вика.

Люпин тұқымы, уатылған люпин.

В.1.4 Түйнектер, тамыр дақылдары және олардан алынған өнімдер мен қалдықтар

Қызылша жұмсағы.

Картоп.

Түйнек түріндегі тәтті картоп.

Картоп жұмсағы (картоп крахмалы алынғаннан кейінгі қалдықтар (болжыр).

Картоп крахмалы.

Картоп протеин.

ҚР СТ 3111-2023

В.1.5 Басқа тұқымдар мен жемістер, олардан қайта өңделген өнімдер және қалдықтар Тәтті мүйіз.

Шоқ ағаштың бұтағы мен ұн.

Асқабақ.

Цитрус жұмсағы.

Алма, айва, алмұрт, шабдалы, інжір, жүзім және олардың жұмсағы.

Каштан.

Жаңғақ күнжарасы.

Фундук күнжарасы.

Қалдықтар және какао күнжарасы.

Емен жаңғағы.

В.1.6 Жемшөп өсімдіктері, көлемді және шоғырланған жем

Жоңышқа.

Жоңышқа ұнтағы.

Беде.

Беде ұнтағы.

Табиғи және жақсартылған жайылымдардың шөптері.

Шөп ұнтағы.

Шөп.

Сүрлем.

Пішендеу.

Астық жем.

Дәнді дақылдардың сабаны.

Азықтандыруға арналған жерасты дақылдары.

В.1.7 Басқа өсімдіктер, олардан қайта өңделген өнімдер және қалдықтар

Азықтық сірне.

Теңіз балдыры ұнтағы (балдырларды кептіру және ұнтақтау, йодты азайту үшін жуу арқылы алынған).

Өсімдік ұнтақтары мен сығындылары.

Өсімдіктердің ақуыз сығындылары (тек жас жануарларға беріледі).

Дәмдеуіштер.

Шөптер.

В.2 Жануарлардан алынатын шикізат материалдары

В.2.1 Сүт және сүт өнімдері

Шикі сүт.

Құрғақ сүт.

Майсыз құрғақ сүт, майсыз құрғақ тұтас сүт.

Тартылған сүт, құрғақ тартылған сүт.

Сүт сарысуы, құрғақ сүт сарысуы, қант мөлшері аз құрғақ сүт сарысуы, сарысуы бар ақуыз ұнтағы (физикалық өңдеуден алынған).

Казеин ұнтағы.

Лактоза ұнтағы.

Сүзбе және қышқыл ағарған.

В.2.2 Балық және басқа да теңіз жануарлары, олардан қайта өңделген өнімдер мен қалдықтар¹

Балық.

Балық майы және тазартылмаған балық майы.

Балық моллюскалары немесе шаян тәрізділердің автолизаттары.

¹ Өнімдер тұрақты балық шаруашылықтарында өндірілуі және шөпқоректі емес жануарлар түрлеріне пайдаланылуы керек.

Еритін және ерімейтін түрінде ферменттің әсерінен алынған гидролизат пен протолизат, тек жас жануарларға арналған.

Балық ұнтағы.

В.2.3 Жұмыртқа және жұмыртқа өнімдері

Жұмыртқа мен жұмыртқа өнімдері бір шаруашылықтан алынуға тиіс.

В.3 Минерал тектес шикізат материалдары

В.3.1 Натрий көздері

Тазартылмаған теңіз тұзы.

Ірі кесек тұз.

Глаубер тұзы.

Натрий карбонаты.

Натрий гидрокарбонаты.

Хлоридті натрий.

В.3.2 Кальций көздері

Lithotamnion балдырлары және фосфорлы әктас.

Су жануарларының бақалшықтары (оның ішінде каракатица сүйектері).

Кальций карбонаты.

Кальций лактаты.

Кальций глюконаты.

В.3.3 Фосфор көздері

Дефторланған дикальций фосфаты.

Дефторланған монокальций фосфаты.

Натрий фосфаты.

Кальций-магний-фосфат.

Натрий кальций-фосфаты.

В.3.4 Магний көздері

Магний оксиді (сусыз магний оксиді).

Магний сульфаты.

Магний хлориді.

Магний карбонаты.

Магний фосфаты.

В.3.5 Күкірт көздері

Глаубер тұзы.

В.3.6 Калий көздері

Калий хлориді.

Г қосымшасы
(міндетті)**Азықтық қоспалар және жануарларды азықтандыруда қолданылатын кейбір заттар****Г. 1 Жемшөп қоспалары****Г.1.1 Тағамдық қоспалар****а) витаминдер**

1) табиғи шикізаттан алынған витаминдер;

2) Моногастриялық жануарларға арналған табиғи витаминдерге бірдей синтетикалық витаминдер;

3) күйіс қайыратын жануарларға арналған табиғи витаминдерге ұқсас А, D және E синтетикалық витаминдері – органикалық күйіс қайыратын жануарлардың жемшөп рационында көрсетілген витаминдердің қажетті мөлшерін алу мүмкіндігін бағалауға негізделген осы стандартқа сәйкестігін растау рәсімін жүзеге асыратын органның алдын ала рұқсатымен.

б) микроэлементтер:

1) Темір:

Карбонат (II),

Сульфат (II) моногидрат және/немесе гептагидрат,

Тотық (III).

2) Йод:

Кальций йодаты (сусыз),

Кальций йодаты, гексагидрат,

Калий йодиді.

3) Кобальт:

Күкірт қышқылды кобальт (II) моногидраты және (немесе) гептагидраты,

Негізгі күкірт қышқылы кобальт (II) моногидрат.

4) Мыс:

Тотық (II),

Негізгі көмірқышқыл мыс (II) моногидрат,

Мыс сульфаты (II) пентагидрат.

5) Марганец:

Көмірқышқыл (II),

Тотық,

Сульфат (II) моно және/немесе тетрагидрат.

6) Мырыш:

Көмірқышқыл,

Тотық,

Моно сульфаты және/немесе гептагидрат.

7) Молибден:

Молибден қышқыл аммоний ,

Молибден қышқылы натрий.

8) Селен:

Натрий селенаты

Натрий селениті.

Г.1.2 Зоотехникалық қоспалар

Ферменттер мен микроорганизмдер.

Г.1.3 Технологиялық қосалқы құралдар

а) Консерванттар

- 1) Е 200 Сорбин қышқылы
- 2) Е 236 Құмырсқа қышқылы²
- 3) Е 260 Мұз сірке қышқылы^{*}
- 4) Е 270 Сүт қышқылы^{*}
- 5) Е 280 Пропион қышқылы^{*};
- 6) Е 330 Лимон қышқылы.

б) Антиоксидантты заттар

Е 306 Токоферолдар, қоспаның концентраты.

в) Байланыстырғыш заттар мен агенттер

- 1) Е 470 Табиғи тектес кальций стеараты
- 2) Е551 Коллоидты кремний диоксиді
- 3) Е 558 Бентонит
- 4) Е 559 Аллюмосиликат (каолин)
- 5) Е 560 Калий силикаты
- 6) Е 561 Вермикулит
- 7) Е 562 Сепиолит
- 8) Е 599 Перлит

г) Сүрлемге арналған технологиялық қосалқы құралдар

Ферменттер, ашытқылар және бактериялар.

Сүт, құмырсқа, пропион және сірке қышқылдары³.

Г. 2 Жануарларды азықтандыруда қолданылатын кейбір заттар

Наубайханалық ашытқы.

Carlsbergiensis түрінің қант саңырауқұлақтары.

Г.3 Сүрлем өндіруге арналған заттар

Теңіз тұзы.

Тас тұзы.

Сарысу.

Қант.

Қызылша жұмсағы.

Астық ұны.

Меласса.

² Сүрлем үшін: ауа-райы жағдайлары тиісті ашытуға мүмкіндік бермеген кезде ғана.

³ Сүрлем өндірісінде сүт, құмырсқа, пропион және сірке қышқылын қолдануға ауа-райы жағдайлары тиісті ашытуға мүмкіндік бермейтін жағдайларда жол беріледі.



Д қосымшасы
(міндетті)

Органикалық өндірісте рұқсат етілген тазартуға және
дезинфекциялауға арналған заттар

Д.1 Мал шаруашылығы өндірісіндегі үй-жайлар мен жабдықтарды тазартуға және
дезинфекциялауға арналған заттар

- Калий және натрий сабыны.
- Су және бу.
- Әк сүті.
- Әк.
- Сөндірілмеген әк.
- Натрий гипохлориті (мысалы, сұйық ағартқыш ретінде).
- Каустикалық сода.
- Хлорлы әк (кальций оксихлориді, кальций хлориді және кальций гидроксиді).
- Хлор диоксиді.
- Озон.
- Калий гидроксиді.
- Сутегі асқын тотығы.
- Өсімдіктердің табиғи эссенциясы.
- Лимон, сірке суы, құмырсқа, сүт, қымыздық және сірке қышқылы.
- Спирттер (этанол/этил, изопропанол/изопропил).
- Азот қышқылы (сауу жабдықтары).
- Фосфор қышқылы (сауу жабдықтары).
- Натрий карбонаты.
- Емізіктер мен сауу аппараттарын тазартуға және зарарсыздандыруға арналған құралдар.

Д.2 Органикалық өнімдер мен жемшөпті өндіру кезінде жабдықты тазартуға және
зарарсыздандыруға арналған заттар Д.1-кестеде берілген

Д.1-кесте

Атауы	Қолданылу шарттары
Сірке қышқылы	
Спирттер (этанол/этил)	
Спирттер (изопропанол/изопропил)	
Кальций гидроксиді (қайнатылған әк)	
Кальций гипохлориті	Органикалық өнімнің қалдық ластануын болдырмайтын шаралар қабылдау қажет
Кальций тотығы (қайнатылған әк)	
Хлорлы әк (кальций оксихлориді, кальций хлориді және кальций гидроксиді)	
Хлор диоксиді	Органикалық өнімнің қалдық ластануын болдырмайтын шаралар қабылдау қажет
Лимон қышқылы	
Құмырсқа қышқылы	
Сутегі асқын тотығы	
Сүт қышқылы	



Д.1-кестенің соңы

Өсімдіктердің табиғи эссенциясы	
Қымыздық қышқылы	
Озон	
Сірке үсті қышқылы	
Фосфор қышқылы	Тек сүт жабдықтары үшін
Өсімдік сығындылары	
Калий сабыны	Органикалық өнімнің қалдық ластануын болдырмайтын шаралар қабылдау қажет
Натрий карбонаты	
Натрий гидроксиді (каустикалық сода)	Органикалық өнімнің қалдық ластануын болдырмайтын шаралар қабылдау қажет
Натрий гипохлориті	
Натрий сабыны	

**Е қосымшасы**
(міндетті)**тағамдық қоспалар және технологиялық қосалқы құралдар**
Органикалық өнім өндірісінде пайдалану үшін

Е.1 Органикалық тамақ өнімдері өндірісінде қолданылатын тағамдық қоспалар Е.1-кестеде берілген.

Е.1-кесте

Код	Атауы	Органикалық өнім өндірісі		Арнайы шарттар
		өсімдік тектес	жануарлардан алынған	
Е 153	Өсімдік көмірі	Қолданылмайды	Қолданылады	Ірімшіктердің кейбір түрлері үшін
Е 160b*	Аннато, Биксин, Норбиксин	Қолданылмайды	Қолданылады	Лестер қызыл ірімшігі, дабл Глостер ірімшілігі, Чеддер, Мимолет ірімшігі
Е 170	Кальций карбонаты	Қолданылады	Қолданылады	Бояғыш ретінде қолданылмауға тиіс
